ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНЕ ЖАҢАША КӨЗҚАРАС ҚАЖЕТ

6-бет

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ – ДЕНСАУЛЫҚ ПЕН ТАБЫС КЕПІЛІ

5-бет

ҚАЗАҚ ЖІГІТТЕРІ ӘЛЕМНІҢ ҮЗДІК ВОЛЕЙБОЛШЫЛАРЫ АТАНДЫ!

16-бет

ҚАЗАҚ ҮНІ

QAZAQ ÚNI

25 ЖЫЛ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ АПТАЛЫҚ

www. qazaquni. kz || qazaquni@mail.ru || 2000 jylǵy 11 tamyzdan shyǵa bastady || №29 (1209) 17.07.26

СЫРҒАЛЫ ҰЛДЫҢ СЫРЫ

Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасында атақты ғалым Дандай Ысқақұлының сексен жасқа толуына орай дүбірлі жиын болып өтті. Онда әріптестері мен шәкірттері бүгінгі ел әдебиеті мен ғылымының көрнекті тұлғасына жүрекжарды лебізін айтып, ұзақ та баянды шығармашылық ғұмыр тіледі. Сондай-ақ мерейтой иесіне Премьер-министрдің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваның арнайы Құттықтау хаты табыс етілді.

8-9 беттер

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АРБИТРАЖДАҒЫ АЙЫППҰЛ ДАУЫНЫҢ ТҮП-ТӨРКІНІ НЕДЕ?

3 бет

«АҚ ЖОЛ» МОЖЕТ СТАТЬ ВТОРОЙ ПАРТИЕЙ В ҚҰРЫЛТАЕ

10 стр

ПОЛИТИЧЕСКИЕ ПАРТИИ КАЗАХСТАНА ГОТОВЯТСЯ К ВЫБОРАМ В КУРУЛТАЙ

11 бет

15 бет

ЖҮРЕКТЕРГЕ СӘУЛЕ ШАШҚАН СӘУЛЕ ӘПКЕМІЗ ЕДІ...

050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3 ықшамауданы, К. Сейітов көшесі, 11 үй. Байланыс телефоны: 8 (727) 398-57-31

Жазылу индексі – 65380

ПРЕЗИДЕНТ ТАИЛАНДПЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ ЖАҢА ДЕҢГЕЙГЕ КӨТЕРУДІ ҰСЫНДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Шанхайдағы жұмыс сапары аясында Таиланд Премьер-министрі Анутин Чарнвиракулмен кездесті.

Ақорда баспасөз қызметінің хабарлауынша, Мемлекет басшысы Қазақстан Таиландты Азиядағы негізгі серіктестерінің бірі ретінде қарастыратынын айтты.

Президент екі ел арасындағы экономикалық ынтымақтастықтың әлеуетіне жоғары баға берді. Биылғы алғашқы төрт айда өзара тауар айналымы өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 76 пайызға өсіп, 110 миллион доллардан асты.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, осы көрсеткішті бұдан әрі де ұлғайтуға мүмкіндік мол. Әсіресе, аграрлық өнімдер экспортын арттыру арқылы сауда көлемін едәуір көбейтуге болады.

Мемлекет басшысы кәсіпкерлер үшін қолайлы жағдай қалыптастыру мақсатында екі ел үкіметтері арасындағы өзара іс-қимылды жандандыруды ұсынды. Сондай-ақ ынтымақтастықтың маңызды бағыттарының бірі ретінде туризм саласын атады.

Таиланд қазақстандықтар үшін ең танымал туристік бағыттардың бірі саналады. Өткен жылы бұл елге 150 мыңнан астам отандасымыз барған. Өз кезегінде Қазақстан да Таиланд азаматтарына бірегей туристік мүмкіндіктерді, соның ішінде қысқы туризм бағыттарын ұсына алатыны аталып өтті.

Кездесу барысында Анутин Чарнвиракул Таиландтың өзара тиімді көптеген бағыт бойынша ынтымақтастықты кеңейтуге мүдделі екенін жеткізді.

Оның айтуынша, Бангкок экономика, сауда, цифрландыру және туризм салаларындағы әріптестікті жаңа деңгейге көтеруді қолдайды

ОСК «АҚ ЖОЛДЫҢ» ПАРТИЯЛЫҚ ТІЗІМІН ТІРКЕДІ

ҚР Орталық сайлау комиссиясы кезектен тыс Құрылтай депутаттарын сайлауға қатысу үшін «Ақ жол» демократиялық партиясының кандидаттар тізімін тіркеді.

Партия тізіміне еліміздің бірқатар өңірінен шыққан және түрлі қызмет саласында жүрген 63 кандидат енді. Олардың қатарында кәсіпкерлер, партияның аймақтық филиалдарының өкілдері, мәслихат депутаттары және «Ақ жол» демократиялық партиясының белсенділері бар.

Тізім құрамындағы әйелдер 16%, жас буын өкілдері 20%, мүмкіндігі шектеулі жандар 10% болады. Сонымен қатар, 21 кандидат

түрлі деңгейдегі мәслихаттардың депутаттары ретінде, халықпен жұмыс істеуде және өңірлердегі өзекті мәселелерді шешуде мол тәжірибеге ие.

«Ақ жол» демократиялық партиясының төрағасы Дания Еспаева кандидаттарды тіркелуімен құттықтап, алдағы сайлау науқанында сәттілік тіледі.

«Кандидаттарды тіркеу – сайлау кампаниясының алғашқы қадамы әрі үлкен жауапкершілік. Біз сайлауға нақты саяси бағдарламамен, кәсіби кандидаттардан құралған мықты командамен қатыса отырып, ашық әрі әділ сайлау науқанын өткізуге ниеттіміз», – деді Дания Еспаева.

Партия төрағасы, сондай-ақ, кандидаттарды тіркеуді кәсіби әрі жедел ұйымдастырғаны үшін Орталық сайлау комиссиясына алғысын білдірді.

ШЫМКЕНТТЕ КҮРДЕЛІ НЕЙРОХИРУРГИЯЛЫҚ ОТАЛАР ЖАСАЛУДА

Шымкентте шетел азаматтарына күрделі нейрохирургиялық оталар жасалып жатыр. Бұл туралы қалалық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Қайрат Қалибеков мәлімдеді.

Оның айтуынша, шетел азаматтары көбіне жоғары технологиялық медициналық көмек алу үшін жүгінеді. Басқарма басшысының мәліметінше, Шымкент қалалық №2 ауруханасында 2024-2025 жылдары 46 шетел азаматына нейрохирургиялық ота жасалған.

– Оның ішінде 22-сі Тәжікстаннан, 14-і Өзбекстаннан, 5-еуі Қырғызстаннан келген. Сондай-ақ Ресей, Швейцария, Моңғолия, Түркия және Молдова азаматтары да бар.

Пациенттердің басым бөлігі ми ісіктерін алып тастау, бет аймағындағы ауырсыну кезінде микроваскулярлық декомпрессия жасау және ми тамырлары патологияларына байланысты күрделі оталар үшін жүгінді, – деді Қайрат Қалибеков.

Биылдың өзінде Шымкентте Тәжікстанның төрт, Өзбекстанның екі азаматына және Швейцариядан келген бір пациентке нейрохирургиялық ота жасалған.

Спикердің айтуынша, көршілес елдерден келетін наукастар санының артуына отандық мамандардың халықаралық тәжірибе алмасуы да оң әсерін тигізіп отыр. Сонымен қатар медициналық қызметтің құны шетелмен салыстырғанда қолжетімді, ал емдеу мекемелері заманауи құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген.

БЕТОН ЖОЛДАР ӨЗ ҚАЛПЫНАН АЙНУЫ МҮМКІН

Қазақстанда ауа температурасының күрт көтерілуіне байланысты цементбетон жабындысы бар автомобиль жолдарында температуралық деформациялар пайда болуы мүмкін. Бұл туралы ҚР Көлік министрлігінің Жол активтері сапасының ұлттық орталығы мәлімдеді.

Мамандардың айтуынша, ауа температурасы +35...+40 градусқа дейін, ал жол жамылғысы +60...+70 градусқа дейін қызуы ықтимал. Соның әсерінен бетон плиталары табиғи түрде ұлғайып, ішкі қысымның артуынан олардың көтерілуі немесе қисаюы байқалуы мүмкін.

Ведомство мұндай құбылыс бетон сапасының төмендігін немесе құрылыс технологиясының бұзылғанын білдірмейтінін атап өтті. Бұл – АҚШ, Канада, Германия, Ұлыбритания, Оңтүстік Корея және Австралия сияқты елдерде де кездесетін табиғи процесс.

Қазір еліміздегі цементбетон жолдар тәулік бойы бақылауда, анықталған ақаулар қолданыстағы талаптарға сәйкес жедел жөнделіп жатыр.

ӘЛЕУМЕТТІК КВОТА: МЕМЛЕКЕТТІК ГРАНТҚА КІМДЕР ҮМІТКЕР БОЛА АЛАДЫ?

Қазақстанда әлеуметтік осал санаттағы талапкерлер мемлекеттік білім беру гранттары конкурсына жалпы негізде емес, өздеріне арналған арнайы квота бойынша қатысады. Бұл туралы ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру комитетінің басқармасының басшысы Жандәулет Құдайбергенов мәлімдеді.

Оның айтуынша, жыл сайын мемлекеттік білім беру тапсырысының белгілі бір бөлігі әлеуметтік осал санаттағы талапкерлерге арнайы квота ретінде бөлінеді.

– Мәселен, төрт және одан да көп бала тәрбиелеп отырған көпбалалы отбасылардан шыққан талапкерлерге мемлекеттік білім беру тапсырысының жалпы көлемінің 5 пайызы қарастырылған. Сонымен қатар қандастарға, толық емес отбасынан шыққан талапкерлерге және өзге де әлеуметтік осал санаттарға арнайы квоталар бөлінеді, – деді Жандәулет Құдайбергенов.

Оның сөзінше, толық емес отбасыдан шыққан талапкерлер үшін мемлекеттік білім беру тапсырысының 3 пайызы көзделген. Сондай-ақ I және II топтағы мүгедектігі бар талапкерлер мен I немесе II топтағы мүгедектігі бар адамға қарап отырған отбасылардан шыққан талапкерлерге де арнайы квота қарастырылған.

– Бұл талапкерлер жалпы конкурсқа қатыспайды. Олар тек өздеріне арналған квота аясында бақ сынайды. Арнайы квота бойынша бөлінген гранттарға жалпы конкурсқа қатысушылар үміткер бола алмайды, – деді комитет басқармасының басшысы.

Жандәулет Құдайбергеновтің айтуынша, ерекше білім беру қажеттілігі бар талапкерлерге де қажетті қолдау көрсетіледі.

– Егер талапкердің өзінің I немесе II топтағы мүгедектігі болса немесе заңнамада көзделген өзге санаттардың біріне жатса, ол арнайы квота бойынша конкурсқа қатыса алады. Сонымен қатар жоғары оқу орындарында оқу барысында көру және есту қабілеті бұзылған, сондай-ақ өзге де ерекше білім беру қажеттілігі бар студенттерге инклюзивті білім беру талаптарына сәйкес қажетті жағдай жасалып, тиісті қолдау көрсетіледі, – деді ол.

АУЫЛ МЕДИЦИНАСЫН ЦИФРЛАНДЫРУҒА БАСЫМДЫҚ БЕРІЛМЕК

Қазақстанда денсаулық сақтау жүйесін жаңғырту аясында ауылдық жерлерде жүздеген жаңа медициналық нысан пайдалануға беріліп, дәрігерлерді қолдау шаралары күшейтілді. Сонымен қатар дәрі-дәрмек өндірісін дамыту және медицинаны цифрландыру бағытында ауқымды жобалар жүзеге асырылып жатыр, деп хабарлады Үкіметтегілер.

Үкіметтің мәліметінше, Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша ауыл-аймақтың денсаулық сақтау жүйесін жаңғырту аясында еліміздің өңірлерінде 655 жаңа алғашқы медициналық-санитариялық көмек нысаны, оның ішінде дәрігерлік амбулаториялар мен фельдшерлік-акушерлік пункттер салынды. Бұдан бөлек, 12 медициналық мекеме толық жаңғыртылып, ауыл тұрғындарына мамандандырылған медициналық көмек көрсетуге мүмкіндік берілді.

– Ауылдық жерлердегі кадр тапшылығын азайту мақсатында кемінде бес жыл жұмыс істеуге келісім берген тапшы бейіндегі 529 дәрігерге 8,5 млн теңгеден біржолғы көтерме төлем берілді. Соның нәтижесінде ауылдағы дәрігерлер тапшылығы 13,8%-ға, ал орта медицина қызметкерлерінің тапшылығы 1%-ға азайды, – делінген Үкімет ақпаратында. Сонымен қатар интернатурада алты жаңа базалық мамандық, ал резидентурада 14 тар бейінді балалар мамандығы ашылды.

Дәрігерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында медицина қызметкерлері мен жедел жәрдем бригадаларына күш көрсету немесе қауіп төндіру фактілері үшін қылмыстық жауапкершілік енгізілді. Қазіргі таңда 152 стационарда тәулік бойы полиция бекеттері жұмыс істейді. Ал Астана мен Алматыда жедел жәрдем қызметкерлері бейнетіркегіштермен қамтамасыз етіліп, соның нәтижесінде жанжал дерегі 90% азайған.

– Бір жылға арналған дәрі-дәрмек сатып алу жоспарының көлемі 584,1 млрд теңге болды. Қазақстандық өндірістегі 66 дәрілік препарат бойынша жүргізілген келіссөздердің нәтижесінде бюджеттен 10,3 млрд теңге үнемделді. Биылғы бірінші тоқсанда фармацевтикалық өндіріс көлемі 70,8 млрд теңгеге жетіп, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 46% өсті, – деп мәлімдеді Үкіметтегілер.

Қазіргі уақытта елімізде 209 отандық фармацевтикалық өндіруші тіркелген. Оның ішінде 43 кәсіпорын дайын дәрілік препараттар шығарады.

Сондай-ақ Үкімет Pfizer, Hoffmann-La Roche және AstraZeneca компанияларымен ұзақ мерзімді келісімдер жасап, отандық кәсіпорындармен жалпы құны 125,4 млрд теңге болатын 83 келісім-шартқа қол қойған. Бұдан бөлек, 2029 жылға қарай ішкі нарықтағы отандық дәрілік заттардың үлесін 50%-ға жеткізу мақсатында жалпы құны 391,3 млрд теңгені құрайтын алты ірі инвестициялық жоба жүзеге асырылып жатыр.

Медицина саласын цифрландыру аясында E-Densaulyq бірыңғай платформасына 23 ақпараттық жүйе біріктірілуде. Сонымен қатар көлемі 1,5 петабайт болатын бірыңғай медициналық деректер қоймасы іске қосылып жатыр.

– 1 шілдеден бастап медициналық қызметтерді қаржыландыру тек бірыңғай репозиторийдегі верификацияланған деректер негізінде жүзеге асырылады. Бұл жалған есептіліктің алдын алып, дәрігерлерге «бір терезе» қағидаты бойынша жұмыс істеуге мүмкіндік береді әрі әкімшілік жүктемені екі есеге дейін азайтады, – делінген Үкімет хабарламасында.

ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ ҚАШАҒАНҒА ҚАТЫСТЫ АРБИТРАЖ ШЕШІМІН МОЙЫНДАМАЙ ҚОЙДЫ

Еліміздің Әділет министрлігі North Caspian Operating Company (NCOC) консорциумының халықаралық арбитраж арқылы көп миллиардтық экологиялық айыппұлды өндіріп алуды бұғаттауға бағытталған әрекеттеріне қатысты пікір білдірді,- деп хабарлайды «Қазақ үні» ақпарат агенттігі nege.kz телеграм арнасына сілтеме жасап.

Министрліктің мәлімдеуінше, ЮНСИТРАЛ (БҰҰ Халықаралық сауда құқығы жөніндегі комиссиясы) коммерциялық арбитражының аралық қаулысы Қазақстан аумағында автоматты түрде заңды күшке ие емес және жергілікті соттардың егемен шешімдерінің күшін жоя алмайды. Сондай-ақ Әділет министрлігі Қашаған операторына күкіртті белгіленген нормадан артық сақтағаны үшін салынған 2,3 триллион теңге айыппұлды ерікті түрде төлеу мерзімі 20 шілдеде аяқталатынын еске салды. Егер қаражат бюджетке түспесе, мемлекет мәжбүрлеп өндіріп алу рәсімін бастап, өндірілетін сомаға қосымша 10 пайыз мөлшерінде айыппұл санкциясын қолданады.

Әділет министрлігі ЮНСИТРАЛ трибуналының инвестициялық арбитраж болып табылмайтынын ерекше атап өтті.

«Арбитраждық трибуналдың өкілеттігі жеке құқықтық коммерциялық дауларды қараумен ғана шектеледі және ол мемлекеттің өз өкілеттігін жүзеге асыру ісіне араласа алмайды», – делінген министрлік хабарламасында.

Шетелдік қамтамасыз ету шаралары міндетті түрде Қазақстан соттары арқылы танылуы тиіс. Алайда бұл жағдайда мұндай рәсім жүргізілмеген. Министрлік мемлекеттік органдардың қоршаған ортаны қорғау мүдделеріне нұқсан келтіре отырып, коммерциялық арбитраждың аралық шешімдерін орындау үшін заңды айналып өтпейтінін ашық мәлімдеді.

Сонымен қатар, Қазақстанның Әділет министрлігі қарсы тараптың іскерлік әдепті сақтамағанына да назар аударды. Ведомство NCOC-тың арбитраждық талқылаудың егжей-тегжейін бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға асыққанын алаңдаушылықпен атап өтті.

«Істің мән-жайын осылайша жария түрде ашу халықаралық арбитраждың құпиялылық қағидатына сәйкес келмейді әрі оның тиісті деңгейде өтуіне ықпал етпейді», – деп түйіндеді министрлік.

Еске сала кетейік, бұған дейін «Ақ жол» партиясы парламенттік фракциясы 90-шы жылдардағы шетел инвесторларымен мұнай өнімдерін бөлісу келісімдерін (ӨБК) және тұрақтандырылған келісім-шарттарды жария ету мәселесін үнемі айтып келген болатын.

Ал 2025 жылғы қаңтар айының соңында кеңейтілген отырыс барысында Президент Тоқаев Қазақстан үкіметіне ӨБК шарттарын ел үшін жаңартылған және тиімдірек шарттармен ұзарту бойынша келіссөздерді күшейтуді тапсырған болатын.

Сол кездегі «Ақ жол» партиясының төрағасы, Мәжіліс депутаты Азат Перуашев Президенттің ӨБК шарттарын қайта қарау туралы тапсырмасын тарихи деп атаған еді.

Одан бөлек, 2023 жылы Азат Перуашев Жер қойнауының иесі - халық өз байлығының қалай пайдаланып жатқанын көре алмай отырғанын алға тартты.

2024 жылы «Ақ жол» халықаралық ұйымнан ірі мұнай-газ жобалары бойынша ӨБК шарттарын жария етуге ықпалдасуын сұрады.

Сондай-ақ, 2023 жылы да, 2024 жылы 12 маусымда да ҚР Парламенті Мәжілісінің Жалпы отырысында Мәжіліс депутаты Қазыбек Иса мұнай-газ, стратегиялық кен орындарымен жасалған құпия келісім-шарттарды ашық жариялап, қайта қарауды, халыққа тиімсіз, әділетсіз келісімдерді тоқтатуды талап еткен «Ақ жол» фракциясының депутаттық сауалын екі рет жариялады.

Қазыбек Исаның парламент мінберінен «90 жылдардағы мұнай келісімі Назарбаевқа зор келісім болғанымен халыққа қор келісім болды» деп қатты айтқаны осы кезде болатын.

Сонымен қатар, 2025 жылы порталымызда Мәжіліс депутаты Қазыбек Исаның «МҰНАЙДЫҢ ТРИЛЛИОНДАРЫ ҚАШАН ТӨЛЕНЕДІ?!» атты үшінші сауалын да жариялаған болатынбыз.

Әділет министрлігінің әрекеті әділетті. Өйткені 2026 жылғы 1 шілдеден күшіне енген ҚР Конституциясы бойынша Қазақстанның заңдарына халықаралық заңнамалар ықпал ете алмайды.

qazaquni.kz

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АРБИТРАЖДАҒЫ АЙЫППҰЛ ДАУЫНЫҢ ТҮП-ТӨРКІНІ НЕДЕ?

Еліміздің құзырлы органдары Қашаған кенішінде мұнай өндірумен айналысатын NCOC консорциумындағы инвесторлармен 2,3 триллион теңге үшін төрт жылға жуық уақыт бойы соттасумен келді. Бұл дау 2022 жылдың аяғында Атырау облысы Экология департаментінің тексеруінен кейін басталған еді. Департамент NCOC-дің мұнаймен ілесіп шығатын күкіртті сақтау ережесін бұзғанын анықтаған. Күкіртті ашық жерде сақтаудың шекті мөлшері 730 мың тонна екеніне қарамастан, аталған консорциумның шығарған зиянды заты 1,7 миллион тоннадан асып кеткен.

Содан сол 2022 жылдың желтоқсан айында Атырау облысының Экология департаменті NCOC-ге, дәл айтқанда, 2,356 триллион теңге (шамамен 5 миллиард АҚШ доллары) айыппұл салады. Әрине, бұл жерде теңгемен триллион, доллармен бірнеше миллиард дегенің тым асыра сілтеп жіберген ақша болып көрінуі мүмкін. Бірақ аталған департамент заң жүзінде әрекет етіп отыр. Еліміздің заңдары бойынша өндіріс қалдығын ашық жерге шекті мөлшерден асыра шығарып, қоршаған ортаға орасан зиян келтіргендер жауапкершіліктен оңай құтылмайды. Онда өте мол көлемде айыппұл қарастырылған. Өзіміздікі болсын, шет елдікі болсын, заң бәріне ортақ. Оны бәрі орындауға міндетті.

Алайда NCOC атыраулық атқамінерлердің шешімін орындағысы келмеді. Қазақстанның құзырлы органын мойындағысы келмеген шығар. Сөйтіп, бірнеше рет сотқа жүгінді. Түрлі сот барысында екі тарап алма-кезек жеңіске жетіп отырды.

2025 жылдың тамыз айында іс жүргізу рәсімі негізінде айыппұл алынып тасталды. Бірақ бұл іс кейінірек қайта қарала бастады. Ақыр аяғында, биыл маусым айында Атырау облыстық соты айыппұлды растап берді. Шетелдік инвесторлар сонда да қоймай, ЮНСИТРАЛ (БҰҰ Халықаралық сауда құқығы жөніндегі комиссиясы) арбитражына жүгінген. Ал Қазақстан билігі оның шешімін мойындамайтынын мәлімдеді.

Енді «Ақ жол» партиясы көтерген мәселеге келсек, мемлекеттің жоғарыдағы жайтпен қатар NCOC мен Қарашығанақ кенішінің операторы – Karachaganak Petroleum Operating (KPO) компаниясына басқа да талап арызы бар. Онда мемлекет мүддесіне PSA компаниясы өкілдік етуде. Қазақстан тарапы осы компанияларды жобаны жүзеге асыру барысында келтірілген шығынды асырып көрсетті деп айыптап отыр. Ол түскен пайда есебінен өтелуі тиіс болған. Ал шетелдік инвесторлар шығынды асырып көрсету арқылы мұнай өндіруден түскен табыстың шамамен 98 пайызын алып келген.

Мемлекет сол үшін өтемақы ретінде талап етіп отырған қаржы көлемі ресми түрде айтылған жоқ. Ал бұқаралық ақпарат құралдарының мәліметінше, ол KPO бойынша 6 миллиард доллардан асады, NCOC бойынша тіпті 160 миллиард доллар шамасында. Әрине, тек өз пайдасын ойлайтын инвестор мырзалар мұншалықты мол қаржыны «мә» деп бере салмайды. Уақыт созуға тырысып, соттың әр инстанциясына шағымданады. Одан қалды, халықаралық арбитражға жүгінеді. Әйтеуір, бар амалын жасап бағады.

Арбитраж Қарашығанақ бойынша осы жылдың басында, яғни қаңтар айында Қазақстанның пайдасына шешім шығарды. Бірақ өтемақы көлемі, жоғарыда айтылғандай, 6 миллиард емес, 2-4 миллиард доллар деп есептелген. Оның үстіне Karachaganak Petroleum Operating бұл шешімге қатысты қайтадан шағымдана алады. Ал Қашаған ісі бөлек жалғаса бермек. БАҚ мәліметінше, ол кем дегенде 2028 жылға дейін созылуы мүмкін.

Қалдықты ашық жерге тастау болсын, шығынды асырып көрсету болсын, мәселенің қай-қайсысында да шетелдік инвесторлар өнімді бөлісу келісімін (ӨБК) уәж ретінде алға тартады. Яғни сонда біздің елге қатысты шикі тұстар болып тұр. 90-шы жылдары шетелдік инвесторлармен жасалған мұнай өнімін бөлісу келісімдері мен басқа да келісім-шарттарды жария ету мәселесін «Ақ жол» партиясындағылардың үнемі айтып жүретіні сондықтан. Сырттан келіп шаруасын дөңгелетіп отырғандарға есе жібермейміз десек, ӨБК жайын жақсылап ойланған жөн-ақ.

Сонымен, NCOC өкілдері күкірт өзі сондай жанама өнім екенін, сондықтан оны сақтауға кететін шығынды ортақ жобаның жалпы кірісі есебінен жабу керектігін айтады. Бірақ ондайда Қазақстанның табысы төмендейді. Сондықтан біздің тарап бұндай уәжбен келіспейді. Енді Қашаған операторы 2,3 триллион теңгені немесе шамамен 5 миллиард АҚШ долларын жобаның ортақ табысынан емес, өз қалтасынан төлеуге тиіс. Оларда басқа амал жоқ.

Бұл «инвесторларға қысым жасалып жатыр» деп бұлғақтайтындай жағдай емес. Мемлекет өз мүддесін заң аясында ғана қорғап отыр. Әркімнің әр жақтан келіп, заңсыз табыс табуына жол беріп, онымен қоймай, қоршаған ортаны сол әркімге ластатып қойып, қарап отыра берген әсте де жөн емес. Биліктің осыған құнтты болғаны – құптарлық іс. Осы жағынан алғанда, еліміздің Әділет министрлігінің ЮНСИТРАЛ арбитражының шешіміне мойын ұсынғысы келмеуі өте дұрыс қадам болды дей аламыз.

Оразәлі БАЙМҰРАТ

ҰЛТ САУЛЫҒЫ АНА МЕН БАЛАДАН БАСТАЛАДЫ

Ана мен баланы қорғау қоғамдағы ең бір өзекті мәселе. Осы орайда «Кентау қалалық емханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны басшысының ана мен бала денсаулығын қорғау жөніндегі орынбасары, Түркістан облысының штаттан тыс емхана ісі бойынша бас акушер-гинекологы, Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісінің үздігі Әлия Өтегеновамен тілдескен едік.

Жүкті әйелдер жіті назарда

Ана мен баланы қорғау қызметінің басты міндеттері – жүкті әйелдердің қауіпсіз жүктілігін, нәрестелердің денсаулығын қамтамасыз ету, балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау және отбасыларға кешенді әлеуметтік қолдау көрсету.

– Соңғы жылдары елімізде ана мен бала денсаулығын сақтау саласында оң өзгерістер байқалып, ана өлімі мен нәрестенің шетінеуі азайған. Соңғы бес жыл ішінде Кентау қаласында ана өлімі тіркелген жоқ. Бұл көрсеткіштің жақсаруына сапалы медициналық көмектің қолжетімділігінің артуы және ана мен бала денсаулығын қорғауға бағытталған кешенді шаралардың тиімді жүзеге асырылуы ықпал етті. Елімізде ана мен бала денсаулығын жақсарту мақсатында бірқатар маңызды іс-шаралар жүзеге асырылуда. Соның бірі – әйелдер кеңесінің жұмысын қайта жандандыру, – дейді акушер-гинеколог Әлия Өтегенова.

Сонымен қатар, еліміз бен өңірлік денсаулық сақтау жүйесінде ана мен бала өлімінің алдын алу мақсатында кешенді жұмыстар жүргізілуде. Мәселен, «Аналар саулығы» бағдарламасы бойынша жүктілікке дейінгі зерттеп-қараулардың яғни, ер азамат та, әйел азамат та дайындықтан өтуі тиіс. Мұндай дайындық жүктіліктің асқыну қаупін 70%-ға дейін төмендетеді және болашақ ананың ағзасын жаңа өмірді қабылдауға толық бейімдейді, нәресте өлімінің алдын алады.

«Кентау қалалық емханасы» басшысының ана мен бала денсаулығын қорғау жөніндегі орынбасары Әлия Сағидулатқызының сөзінше, қазіргі таңда Кентау қалалық емханасында 740 жүкті әйел тіркеуде тұрады. Емханада олардың әрбіріне толық диспансерлік бақылау жүргізіліп, антенатальді күтім сапасын арттыру мақсатында заманауи медициналық қызметтер көрсетіледі. Атап айтқанда, заманауи зертханалық тексерулер, ультрадыбыстық зерттеу (УДЗ) скринингтері, ана мен ұрық (плацента мен кіндік арқылы) арасындағы қан айналымының жағдайын бағалайтын қауіпсіз допплерографиялық зерттеулер жүргізіледі. Сондай-ақ, ұрықтың жүрек соғысын бақылауға арналған кардиотокография (КТГ) аппараты қолданылады. Жүкті әйелдерге бейінді мамандардың консультациялары және қажет болған жағдайда күндізгі стационар қызметтері Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйесі аясында тегін ұсынылады. Сонымен қатар, жас отбасыларға арналған «Отбасын жоспарлау» кабинеті мен «Босануға дайындық» кабинеті өз қызметін табысты атқарып келеді. Скринингтік тексерулерді сапалы жүргізу және жатыр мойны обырының алдын алу мақсатында емханада бейнекольпоскоп (видеокольпоскоп) аппаратымен арнайы оқытылған акушер-гинеколог дәрігер жұмыс істейді. Қатерлі ісік ауруларының алдын алу, ерте анықтау және халық арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу бағытында сауықтыру шаралары ұйымдастырылуда.

Осы орайда біз кәсіби маманнан жүктілік кезіндегі скринингтік тексерулердің маңыздылығы турасында әңгіме өрбітуін сұрадық. «Комбинирленген скринингтік тексерулер – жүктілік кезеңінде ана мен ұрықтың денсаулығын бағалауға, ұрықтың даму ерекшеліктерін және ықтимал қауіп факторларын ерте анықтауға мүмкіндік беретін маңызды диагностикалық шаралардың бірі.

Бұл тексерулер жүктіліктің ерте кезеңдерінде жүргізіліп, ультрадыбыстық зерттеу (УДЗ) және қан талдауы нәтижелерін біріктіре отырып, ұрықта хромосомалық ауытқулардың (мысалы, Даун синдромы және басқа да генетикалық өзгерістер) ұлғаю қаупін бағалауға мүмкіндік береді» дейді дәрігер.

Осы орайда Кентау қалалық емханасында атқарылып жатқан ауқымды істердің барлығы емхана басшысы Ғани Мырзабековтің тікелей басшылығымен жүзеге асып жатқандығын атап көрсеткеніміз абзал.

Міндетін мінсіз атқаратын маман

Ана мен баланы қорғау ісін өзінің өмірлік миссиясы еткен Әлия Сағидулатқызы дәрігерлік мамандықтың өзіне соншалықты жауапкершілік жүгін жүктейтінін жан жүрегімен түйсінеді. Жауапты мамандықтың иесі жұмыс барысында өзіне артылған міндетті мінсіз атқару барысында қаншама ұйқысыз түндер мен күндерді өткізуге тура келетінін айтады. Соған қарамастан адам жанының арашашысы болу – оған үлкен бақыт сыйлайтын көрінеді. Ақ халатты абзал жан әрбір ана өзінің дүние есігін ашқан перзентін бауырына басқан сәтін көрген кезде жүрегін ерекше бір қуаныш сезімі кернейтінін тілге тиек етті.

Ол өзі жан жүрегімен қалаған мамандықтың күрделілігіне қарамастан, мүмкіндігінше жүйелі түрде жұмыс істеп, ана мен балаға мүмкіндігінше пайдалы болуды көздейді.

Сондықтан болса керек, республика бойынша тұңғыш рет Кентау қалалық емханасы базасында еліміздің «Алғашқы 1001 күн» ұлттық жобасын жүзеге асыру аясында акушер-гинеколог Әлия Өтегенованың бастамасымен 2025 жылдың сәуір айында «Даму және ерте араласу орталығы» ашылды. Орталықтың ашылу салтанатына ҚР Денсаулық сақтау министрлігі Ана мен бала денсаулығын сақтау департаментінің директоры Мағрипа Ембергенова арнайы қатысты. Іс-шара аясында департамент директоры орталық жұмыстарына толағай табыстар тіледі.

«Орталық бала өмірінің алғашқы кезеңдерінен бастап сау өсуін қамтамасыз етуге және дамуындағы ауытқуларды ерте анықтауға, емдеу-сауықтыру жұмыстарын жүргізуге бағытталған. «Даму және ерте араласу орталығы» ел бойынша емхана базасында ашылған еліміздегі ең алғашқы орталық екендігімен ерекшеленеді. Сонымен қатар орталығымызға еліміздің түкпір-түкпірінен мамандардың тәжірибе алмасу үшін арнайы келуінің өзі жұмысымыздың жемісті жүріп жатқанын көрсетсе керек» дейді гинеколог.

Өз саласының кәсіби маманы, Түркістан облысының штаттан тыс емхана ісі бойынша бас акушер-гинекологы Әлия Өтегенова осы салада еңбек етіп жүрген әріптестеріне жиі тренинг өткізіп тұрады. Мәселен, акушер-гинекологтың «Аналар саулығы» бағдарламасы негізінде дәрігерлерге арналған клиникалық практикум – «Гравидаралды дайындық» тақырыбында өткен тренингтің берері мол. Аталмыш шарада ол жүктілікті дұрыс жоспарлау, жүктілікке әсер ететін әртүрлі факторларды атап көрсетті.

Прегравидальды дайындық – қауіп факторларын бағалауды және жүктілікке дайындау үшін емдеу-диагностикалық, профилактикалық және әлеуметтік іс-шаралар кешені болып саналады. Жүктілікті жоспарлау – бұл аман-есен ана болуға және дені сау баланы дүниеге әкелуге бастайтын жол.

Бала саулығына салғырт қарауға болмайды

Әңгімелесу барысында біз дәрігерден ата-аналардың жіберетін қателіктері туралы да сұрадық.

– Ана мен бала денсаулығына қатысты ата-аналар көбіне дәрігердің нұсқауынсыз дәрі-дәрмек беру, бөлме температурасын шамадан тыс көтеру, антибиотиктерді негізсіз қолдану, ана сүтінен ерте бас тарту және сәл ауырғанға (мысалы, температура көтерілгенде) дүрбелең туғызу сияқты қателіктерді жиі жібереді. Бас ауруы немесе қызу көтерілгенде интернет кеңестеріне сеніп, өз бетінше антибиотиктер мен қабынуға қарсы дәрілерді ішу ағзаның иммунитетін әлсіретеді. Дене қызуы көтерілгенде баланы қалың киіндіріп, көрпемен орап тастауға болмайды. Бұл қызуды одан сайын арттырып, соның салдарынан дене құрысуына (судороги) ұшырауы мүмкін. Дәрігердің кеңесінсіз балаға синтетикалық дәрумендерді (мысалы, D дәрумені) көп мөлшерде беру бүйрекке салмақ түсіреді. Дәрігерлер сәбиді кем дегенде 6 айға дейін тек ана сүтімен емізуді ұсынады. Емшек сүтінен ерте айыру баланың иммунитетін түсіреді. Нәрестені қатты жастыққа жатқызу немесе оның жанына жұмсақ ойыншықтар қою тыныс алу жолдарын жауып қалуы мүмкін. Баланың жағдайы жақсарған кезде ата-аналар антибиотик беруді өздігінен тоқтатып тастайды. Бұл микробтардың дәріге төзімділігін (резистенттілік) тудырады. Жас аналар осы және өзге де қарапайым болып көрінгенімен, бала саулығын сақтауда аса маңызды болып табылатын дүниелерді есте сақтаса екен дейміз. Өз кезегінде бұл дені сау баланың өсуіне өз септігін тигізеді, – дейді маман.

Сөз соңында акушер-гинеколог Әлия Сағидулатқызы әрбір дені сау бала – біздің қоғамымыздың ең басты байлығы екенін атап өтті. Сондықтан аналар жүктілікке дейінгі дайындықтың төмендігі салдарына нәрестелердің туа біткен даму ақауларымен өмірге келу қаупі бар екендігін назарға алса екен деген тілегін де білдірді. Ол үшін болашақ аналар жүктілікті жоспарлау кезеңінде әйелдерді кешенді тексеруден және витаминдік профилактикадан өткізу ісіне бей-жай қарамауы тиіс дейді. Десе де кейбір жағдайларда дәрігер кеңесінен құлақ асып, жатырішілік (феталды) оталар технологиясы арқылы туа біткен ауытқуларды ерте анықтап, түзетуге әрекет етуге әзір болуы тиіс деп сабақтады сөзін Ә.Өтегенова.

Осы орайда біз де аналардың алғысын арқалаған ақ халатты абзал жан Әлия Сағидулатқызының еңбегіне жеміс тіледік!

Гүлмира БАҚЫТЖАНҚЫЗЫ

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ – ДЕНСАУЛЫҚ ПЕН ТАБЫС КЕПІЛІ

Біз XXI ғасырдың ширегінен асып барамыз. Осы заманда ақпараттық технологияның қарыштап дамып бара жатқаны баршаға аян. Жаһандану, техникалық даму кезеңін бастан өткерудеміз. Бұл – адамзат үшін өте жақсы құбылыс. Бірақ сонымен қатар ол гиподинамия мәселесін тудырып отыр.

Өмір сүру сапасына әсері

Гиподинамия дегеніміз не? Бұл, бір сөзбен айтқанда, дене қозғалысының азаюын білдіреді. Бүгінде жас та, жасамыс та көп уақытын компьютердің, смартфонның алдында өткізетінін мәселе етіп айтып келе жатқанымызға біраз уақыт болды. Ол аздай, 2020-2021 жылдардағы пандемия кезінде жаппай қашықтан жұмыс істеуге үйрендік. Қазір де соған дағдыланып жатырмыз. Енді тіпті жатып алып жұмыс істеуге де болады. Міне, осылайша дене қозғалысы азайып жатыр. Бұл адамды делсалдыққа ғана емес, ауруға ұшыратуы мүмкін. Ал мұндайда сізге дене шынықтыру көмекке келеді.

Қазір оны мемлекет жәй ғана ермек дағдысы емес, ұлт саулығын сақтаудың және демографиялық тұрақтылықты қамтамасыз етудің стратегиялық тетігі ретінде қарастырып отыр. Сондықтан осы салаға барынша мән берілуде. Дене тәрбиесімен айналысу қалың бұқара арасында кеңінен насихатталып жатыр. Соның айғағы ретінде марафонды айтуға болады. Осы жаппай жүгіруден жарыс та бұқаралық спорт насихатының бір түрі ғой.

Бүгінде еліміздің ірі қалаларында марафон ұйымдастырып тұру дәстүрге айналған. Биыл 7 маусымда елордада халықаралық деңгейдегі Astana Half Marathon өтті. Оған 30-дан астам елден 7000 адам қатысқан. Енді Алматыда 27 қыркүйекте Орталық Азиядағы ең ірі марафон өткелі жатыр. Almaty Marathon 2026 Республика алаңынан бастау алады. Оған қатысушылар классикалық марафон (42 шақырым 195 метр), жартылай марафон (21 шақырым 97 метр), 10 шақырымға еркін жүгіріс, скандинав жүрісі (10 шақырым) және командалық эстафетадан (экиден) жарысқа түспек.

Қазір денесін босаңсытпай, әрдайым сергек жүремін деген адамға мүмкіндік жеткілікті. Жаттығу залдары, бассейндер көбейіп жатыр. Қалаларда тіпті көшенің бойында жаттығу құралдарын орнатып қойған. Тегін дене шынықтырамын десеңіз, соларға баруыңызға болады. Кейде жүгіріп барып, кейде велосипедпен барып, мен де сол құралдармен жаттығу жасаймын. Онда егде жастағы адамдар да жүреді. Журналистік дағдыма салып біреуін әңгімеге тарттым.

– Күнде таңертең скандинав таяғымен жүремін, – дейді Қуанышбек көкеміз. – Осында келіп, әлімнің жеткенінше жаттығамын. Бір жыл болды. Кәдімгідей сергіп қаласың. Қартайдым екен деп жата берген болмайды. Көп қозғалу керек. Ештеңе істемесең де, үнемі жүрген дұрыс. Бір жылда біраз ыңқыл-сыңқылым тыйылғандай болды.

– Қазір сіздер түгілі жастардың өзі көп қозғалмайды ғой...

– Міне, содан адамға ауру жабысады. Жастарға айтарым, қазірден жата берсеңдер, ертең менің жасыма келгенде қиын болады. Сондықтан күнде сергек жүруге тырысыңдар.

Бұқаралық спортты, жалпы, салауатты өмір салтын насихаттауға мемлекеттік ұйымдармен қатар жекелеген адамдар да өз әрекеті арқылы үлес қосуда. Мысалы, Алматыда белгілі экономист Мақсат Халық тауға барып, баспалдақпен жүріп, салқын суға түскенін үнемі жұртшылыққа айтып отырады. Бұл да дене қозғалысы, дене шынықтыру ғой. Ол осындай жаттығудан, таза ауадан өзінің қуат (энергия) алатынын айтады.

Мақсат Халық энергияны жетістікке жету жолындағы басты факторлардың бірі деп санайды. Оның ойынша, бұл жерде білім, тәжірибе, қабілеттің маңызы өте зор, ал соларды іске қосатын күш – адамның энергиясы. Ол бойдағы қуаттың көңіл-күйге ғана емес, жұмыстың нәтижесіне де әсер ететінін айтады. Яғни энергияң тасып тұрса, тау қопаруға да болатыны хақ. Ол өмір сүру сапасын да арттырады.

– Сол себепті білім жинаумен қатар, энергияны қалыптастыратын әдеттерді де дамыту қажет. Сапалы ұйқы, тұрақты спорт, дұрыс тамақтану, табиғат аясында серуендеу, жақын адамдармен жылы қарым-қатынас және өмірдің мәнін сезіну – мұның бәрі адамның ішкі энергиясын арттырады, – дейді экономист.

Адам ағзасына әсері

Негізі, адам ағзасы табиғатынан қозғалысқа бейімделіп жаралған. Ол – сондай өте күрделі биологиялық құрылым. Денеңіз тұрақты түрде қимылдап тұрмаса, сол құрылымның жұмысы баяулап қалады. Яғни бойкүйездікке, делсалдыққа ұшырайсыз. Кейде адам «Қой, тұрайын. Жатсаң жата бересің» дейді ғой. Міне, бұл сондай делсал күйді білдіреді. «Жұмыс істемесем, ауырып қаламын» дейтіндер бар. Бұл да – сол жата беруге болмайтынына меңзеп тұрған сөз. Ондайда расымен ауырып қаласыз.

Ал бір жерде (кеңседе немесе үйде қашықтан) отырып істейтін жұмыс болса, ұдайы жаттығу жасап тұрған абзал. Аптасына кемінде екі жарым сағат орташа қарқындағы дене шынықтырумен айналысатындардың, қимылы аз адамдарға қарағанда, әлдеқайда ұзақ өмір сүретіні ғылыми зерттеу арқылы анықталған.

Сонымен, дене шынықтыру адам ағзасына қалай әсер етеді? Ең алдымен ол жүрек-қан тамырлары жүйесінің жұмысын ретке келтіреді. Тұрақты түрде шынығып жүрсеңіз, сол жаттығу кезінде жүрек бұлшық еті (миокард) күшейіп, жиырылғанда қан тез жүретіндей жағдай туады. Адамның әдемі көңіл күйде шабыттанып тұрған шағында «бойымда қаным тулап…» деп айтатыны бекер емес. Осылайша бұл жағдай жүрекке түсетін салмақты азайтады екен. Сөйтіп, тамырдың серпімділігі артып, қан қысымы қалпына келеді. Бұл бүгінде кәрі деп те, жас деп те қарамай алып кетіп жатқан инсульт пен инфарктің алдын алуға көп септігін тигізеді.

Сосын, үнемі жаттығу жасайтын адамның тыныс алу жүйесі жетіліп отырады. Шынығу кезінде бұлшық еттер оттегін көп қажет ететіндіктен, өкпенің сыйымдылығы артады. Бұл қанның оттегімен байытылуын жақсартып, ми мен басқа да ішкі мүшелерді оттегі жетіспеушілігінен (гипоксия) сақтайды.

Сондай-ақ жаттығудан тірек-қимыл жүйесі де нығаяды. Дене қимылы сүйектегі кальцийдің сақталуына сеп болып, жас ұлғая келе жабысатын остеопороздың алдын алады. Белден жоғары жақтың дұрыс қалыптасуы омыртқаға түсетін салмақты азайтып, сколиоз, остеохондроздардың дамуын тежейді. Зат алмасу жылдамдайтындықтан, семіздік пен қант диабетінен де аулақ боласыз.

Жалпы, дене шынықтыру ағзаны ғана аман сақтап қоймай, психикалық аурулардан да «азат» етеді.

Кәсіби спортқа әсері

Көпшілік біледі. Десе де, осы тұста бұқаралық спорт пен кәсіби спорттың айырмашылығы неде екенін айта кетейікші. Бұлардың алдыңғысы көбіне дене шынықтырумен байланысты. Онымен ынта білдірген кез-келген адам айналыса алады. Қарапайым тілмен айтқанда, адам өзінің денсаулығы үшін, дене бітімі әдемі, өзі мықты болуы үшін жаттығу жасайды. Сол арқылы жан-жақты дамисыз. Ал кәдімгі спортпен кәсіби мамандар шұғылданады. Олар жарыс барысында белгілі бір ережелерді сақтай отырып, жоғары нәтижеге қол жеткізуге ұмтылады. Яғни бұл жерде нағыз кәсіби спортшы сынға түседі.

Туризм және спорт министрлігінің соңғы ресми мәліметтері бойынша, елімізде спортпен жүйелі түрде айналысатын азаматтардың үлесі жалпы халық санының 40 пайызынан асқан. Бұл көрсеткіш жыл сайын тұрақты түрде өсіп келеді. Мемлекеттің алға қойған стратегиялық мақсаты — осы цифрды 50 пайызға жеткізу.

Қазір ел аумағында 43 мыңнан астам спорттық инфрақұрылым нысаны (стадиондар, спорт кешендері, бассейн және корттар) жұмыс істейді. Ауыл-аймақта соңғы жылдары спортты дамыту мақсатында 100-ден астам жаңа дене шынықтыру-сауықтыру кешендері (ДШСҚ) іске қосылған.

Сонымен қатар, балалар спортына ерекше серпін берген мемлекеттік қаржыландыру бағдарламасы (ArtSport және оның жаңартылған жүйелері) аясында жүздеген мың жеткіншек тегін спорттық үйірмелермен қамтылды.

Еліміздегі ең танымал бұқаралық спорт түрлерінің көш басында мыналар тұр:

Футбол (жүйелі айналысатындар саны 1 миллионнан асады).

Волейбол және баскетбол.

Қазақ күресі және өзге де жекпе-жек түрлері.

Жеңіл атлетика және үстел теннисі.

Ұлттық спорт түрлері де қарқынды дамып келеді. Қазақстанда қазақ күресі, тоғызқұмалақ, асық ату, көкпар секілді ұлттық ойындармен айналысатын адамдардың саны 600 мыңнан асқан. Ал 2024 жылғы қыркүйек айында Астанада өткен 5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындары елдің халықаралық деңгейдегі этноспорт орталығына айналып жатқанын көрсетіп берді.

Бұқаралық спорттың даму деңгейі спорттағы жетістіктерге, яғни кәсіби аренаға әжептәуір әсер етеді. Қазақстан — халықаралық спорт қоғамдастығында өзіндік орны бар, бокс, ауыр атлетика, күрес және велоспорттан мықты мектеп қалыптастырған мемлекет.

Еліміз тәуелсіздік алған жылдардан бері Жазғы және Қысқы Олимпиада ойындарында ондаған алтын, күміс және қола медальдарды еншіледі. Тәуелсіз Қазақстан тарихында есімі алтын әріппен жазылған Александр Винокуров (велоспорт), Бекзат Саттарханов, Серік Сәпиев, Бақтияр Артаев, Данияр Елеусінов (бокс), Ольга Рыпакова (жеңіл атлетика), Дмитрий Баландин (жүзу) секілді чемпиондар мыңдаған қазақстандық жастарға үлгі бола білді.

Соңғы ірі халықаралық додалардың бірі — «Париж-2024» Жазғы Олимпиадасында Қазақстан құрамасы 1 алтын, 3 күміс және 3 қола медаль жеңіп алып, біздің спорттың әлеуетін тағы бір мәрте дәлелдеді. Дзюдодан Елдос Сметовтің алтын тұғырдан көрінуі және гимнаст Нариман Курбановтың, боксшы Нұрбек Оралбайдың күміс жүлделері, нысана көздеу мен мергендіктен қос қоланың бұйыруы ел спортының әртүрлі бағытта дамып жатқанын көрсетті. Оған биыл Италияда өткен Қысқы Олимпиадада Михаил Шайдоровтың алтын алып, жарқ ете қалғанын қосыңыз. Бұл жетістіктерді мемлекеттік деңгейде спорттық медицина мен жаттығу әдістемелерін реформалаудың да нәтижесі деуге әбден болады.

Оразәлі БАЙМҰРАТ

Үміт Қалиева:

ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНЕ ЖАҢАША КӨЗҚАРАС ҚАЖЕТ

Білім ордасындағы жаңашыл бастамалар, жетістіктер мен алдағы жоспарлар жайында Қарасай ауданы Қаскелең қаласындағы Абай мектеп-гимназиясы КММ директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Үміт Қалиевамен әңгімелескен едік.

– Үміт Нұрланқызы, Абай мектебі оқушыларының өткен оқу жылында жеткен жетістіктері жетерлік. Әңгімемізді осыдан бастасақ...

– Иә, сөзіңіз аузыңызда, өткен оқу жылы мектеп-гимназиямыз үшін табысты жыл болды. Оқушыларымыз халықаралық, республикалық және облыстық деңгейдегі білім, ғылым, шығармашылық және зияткерлік сайыстарда жоғары нәтижелерге қол жеткізді.

Айрықша жетістіктердің бірі – «ABAI TEAM» командасының халықаралық робототехника және ғылыми жобалар байқауындағы жеңісі. Оқу-ағарту министрлігінің қолдауымен, «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы мен USTEM Foundation қоғамдық қоры ұйымдастырған халықаралық додаға Қазақстанмен қатар жеті елден бес мыңнан астам оқушы қатысты. Осындай ауқымды жарыста мектебіміздің FIRST LEGO League Explore санатындағы «ABAI TEAM» командасы 115 команданың ішінен суырылып шығып, CHAMPIONS AWARD – 1st Runner-Up жүлдесін иеленді. Осы жетістік команданың Болгарияда өтетін Еуропа кезеңіне жолдама алуына мүмкіндік берді. Бұл – тек мектептің ғана емес, өніріміздің мерейін үстем еткен үлкен жеңіс.

– Осы орайда көптеген байқауларда оза шапқан шәкірттеріңізді де атап өтсеңіз...

Оқушыларымыздың жетістігі біз үшін үлкен қуаныш. Атап айтқанда, мектебіміздің 5-сынып оқушысы Нұрасыл Тұрсынбай «Бебрас» информатика ойын-конкурсының республикалық кезеңінде I дәрежелі диплом иегері атанса, 11-сынып оқушысы Ескелді Елдана Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ұйымдастырған халықаралық олимпиадада құқық негіздері пәнінен III дәрежелі диплом алып, университеттің 100 пайыздық ішкі грантын жеңіп алды.

Ғылыми жобалар мен пәндік олимпиадаларда да оқушыларымыз жоғары нәтижелер көрсетті. 9-сынып оқушысы Аяна Қанатбек облыстық ғылыми жобалар байқауында ағылшын тілі секциясы бойынша I орынға ие болса, 7-сынып оқушысы Сұңқар Серікбек «Зерде» республикалық зерттеу жобалары байқауының облыстық кезеңінде жүлделі III орынды иеленді.

Облыстық пән олимпиадаларында да мектеп оқушылары үздік нәтиже көрсетті. Ағылшын тілі, құқық негіздері, тарих, қазақ тілі, орыс тілі және математика пәндері бойынша бірнеше оқушымыз жүлделі орындарға ие болып, білім сапасының тұрақты өсіп келе жатқанын дәлелдеді.

Шығармашылық бағыттағы жетістіктеріміз де аз емес. Қанатбек Амантай облыстық кезеңде өткен IV республикалық «Шәкәрім оқулары» байқауында бас жүлдені жеңіп алып, кейін Астана қаласында өткен республикалық кезеңде III орынды иеленді. Сонымен қатар, Ринат Өмірзақ облыстық «Абай оқулары» шығармашылық байқауында «Абайдың асыл мұрасы» номинациясы бойынша III орынға лайық деп танылды.

Зияткерлік сайыстарда да оқушыларымыз биіктен көрінді. 11-сынып оқушысы Берік Бейсенғазыұлы облыстық «XXI ғасыр көшбасшысы» зияткерлік ойынында II орын иеленсе, 3-сынып оқушыларынан құралған команда «Зерделі ұрпақ» олимпиадасының облыстық кезеңінде жеңімпаз атанды.

– Ұлағатты ұстаздардың толайым табыстары туралы да тілге тиек етсек артық болмас...

– Иә, «ұстазы жақсының, ұстамы жақсы» демекші, мұғалімдеріміз де өздерінің кәсіби біліктілігі көрсетіп келеді. Атап айтқанда, мектеп психологы Ботагөз Аметова облыстық «Үздік психолог» байқауында I орын иеленді. Ал педагогтеріміз кәсіби байқауларда табысты өнер көрсетіп, Сағыдат Құсыманқызы «Педагогикалық идеялар панорамасы» республикалық байқауында II орынға ие болды. SDU университеті ұйымдастырған «Педагогикалық идеялар» фестивалінде бастауыш сынып мұғалімдері Ләззат Базарбекова мен Гүлжайна Серікбаева жүлделі III орынды иеленді.

Осы жүйелі еңбектің нәтижесінде Абай мектеп-гимназиясының түлектері Қарасай ауданы бойынша алдыңғы шептен көрініп, «Гранттар көшбасшысы» номинациясымен марапатталды. Бұл

жетістіктер – ұстаздарымыздың қажырлы еңбегі мен оқушыларымыздың білімге деген құштарлығының нақты жемісі деп білемін.

– Білім беру саласындағы өзгерістерге бейімделуде мектеп ұжымы қандай бағыттарға ерекше көңіл бөліп отыр?

– Қазіргі таңда білім беру жүйесі қарқынды өзгеруде. Сондықтан заман талабына бейімделу – әрбір білім беру ұйымының басты міндеттерінің бірі. Біз үшін бұл өзгерістерге ілесу ғана емес, олардың көшбасшысы болуға ұмтылу маңызды. Сол себепті мектеп-гимназиямызда педагогтердің кәсіби дамуына, басқару мәдениетін жетілдіруге және білім беру сапасын тұрақты арттыруға ерекше мән беріледі.

Бұл бағыттағы маңызды жетістіктердің бірі – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жүзеге асқан «Білім берудегі өзгерістердің 1000 көшбасшысы» республикалық жобасына қатысып, кадр резервіне қабылдануым болды. Аталған жоба білім беру жүйесін жаңғыртуды, басқару тиімділігін арттыруды және өзгерістерді жүзеге асыра алатын жаңа буын басшыларын даярлауды мақсат етті.

Жоба аясында 440 сағаттық кешенді оқу бағдарламасынан өттік. Оқыту базалық, ілгері және кәсіби деңгейлер бойынша ұйымдастырылып, әр кезеңнің соңында біліміміз бағаланды. Іріктеу кезеңдері өте талапшыл болды. Әр деңгейді сәтті аяқтаған қатысушылар ғана келесі кезеңге жолдама алып отырды. Осындай жауапты сынақтардан сүрінбей өтіп, республикалық кадр резервіне қабылдану – мен үшін үлкен мәртебе әрі зор жауапкершілік. Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменованың қолынан кадр резервіне қабылданғанымды растайтын сертификатты алу ұзақ жылғы еңбектің жемісі болды. Бұл жоба маған тек жаңа білім мен басқарушылық тәжірибе ғана емес, заманауи білім беру жүйесіне жаңаша көзқарас қалыптастыруға мүмкіндік берді.

Осындай тәжірибелерді мектеп ұжымымен бөлісіп, күнделікті жұмысымызға енгізу арқылы білім беру сапасын арттыруға және педагогтердің кәсіби әлеуетін одан әрі дамытуға күш салып келеміз.

– Оқушылардың білім сапасын арттыру үшін қандай жаңа әдіс-тәсілдер қолданылып жатыр?

– Бүгінде білім сапасын арттыру – әрбір мектептің басты мақсаты. Осы бағытта әріптесім екеуміз «Білім беру сапасын арттырудағы креативті және заманауи басқару әдістері» атты авторлық бағдарлама әзірледік. Бұл еңбек мектептің білім беру сапасын жүйелі түрде көтеруге бағытталған және оқыту үдерісін креативті, заманауи әрі инновациялық тәсілдер арқылы ұйымдастырудың тиімді жолдарын ұсынады.

Сонымен қатар бағдарламада бүгінгі таңда әлемдік тәжірибеде өз тиімділігін дәлелдеген Lesson Study тәсіліне ерекше назар аударылды. Бұл әдіс мұғалімдердің бірлескен жұмысы арқылы сабақты жан-жақты талдауға, тиімді әдістерді анықтауға және білім алушылардың оқу жетістіктерін жақсартуға мүмкіндік береді.

– Үміт Нұрланқызы, соңғы уақытта оқу бағдарламасына енгізілген өзгерістер туралы айтып беріңізші?

– Қазіргі таңда Абай мектеп-гимназиясы мұғалімдерінің 80 пайызы инклюзивті білім беру бағытындағы біліктілікті арттыру курстарынан өтті. Бұл курстарда педагогтер ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылармен жұмыс істеудің заманауи тәсілдерін меңгеріп, олардың қажеттіліктерін бағалау, психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету және жеке білім беру траекториясын құру мәселелері бойынша білімдерін жетілдірді. Сонымен қатар оқу тапсырмаларын әр баланың мүмкіндігіне қарай бейімдеу, сабақты тиімді жоспарлау және оқытудағы саралау тәсілдерін қолдану дағдыларын нығайтты.

Биылғы жылдың басты жаңашылдықтарының бірі – білім беру саласына жасанды интеллект технологияларының кеңінен енуі. Осыған байланысты мектеп мұғалімдерінің 100 пайызы «Білім берудегі жасанды интеллект: инновациялық технологиялар мен оқу үдерісінің цифрлық трансформациясы» атты біліктілікті арттыру курсынан өтті. Бүгінде педагогтер алған білімдерін күнделікті сабақ барысында тиімді қолданып, оқу үдерісінің сапасын арттыруға үлес қосып келеді.

– Білім сапасының негізі – оқушының оқу мәдениеті. Осы тұрғыда кітап оқуға қызығушылықты арттыру бағытында мектепте қандай жұмыстар жүргізілуде?

– Кітап оқу – тұлғаның жан-жақты қалыптасуына ықпал ететін маңызды құндылықтардың бірі. Бүгінде қазақ тілі мен әдебиеті пәні бірлестігінің бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «Оқуға құштар мектеп» және «Мен оқыған бір кітап» жобалары мектеп өмірінің ажырамас бөлігіне айналды. Сонымен қатар ағылшын тілі пәнінің мұғалімі жетекшілік ететін «Reading Marathon» кітап оқу марафоны да жыл сайын дәстүрлі түрде өткізіліп келеді.

Аталған жобалардың әркайсысының өзіндік ерекшелігі бар.

Ал «Мен оқыған бір кітап» жобасының тәрбиелік мәні ерекше. Бұл жобаға оқушылар ата-аналарымен бірге қатысады. Мұндай формат балаларды кітап оқуға ынталандырып қана қоймай, ата-ана мен бала арасындағы рухани байланысты нығайтып, отбасылық кітап оқу мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді.

– Сондай-ақ, оқушылардың білімге деген қызығушылығын, шығармашылық және зерттеушілік қабілетін дамыту мақсатында қандай жобалар жүзеге асырылуда?

– Гимназиямызда оқушылардың интеллектуалдық және шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған бірнеше жоба табысты жүзеге асырылып келеді.

Соның бірі – «Олимпиадалық резерв мектебі» жобасы. Бұл жоба арқылы пәндік олимпиадаларға, ғылыми жобалар байқауларына және түрлі зияткерлік жарыстарға бейімі бар оқушылар анықталып, олармен жүйелі жұмыс жүргізіледі. Дарынды балалар тәжірибелі педагогтердің жетекшілігімен дайындалып, өз қабілеттерін шыңдауға мүмкіндік алады.

Сонымен қатар мектепте Жас зерттеушілер клубы мен Дебат клубы тұрақты жұмыс істейді. Бұл бірлестіктер оқушылардың зерттеушілік мәдениетін қалыптастырып, өз ойын еркін жеткізуіне, дәлелді пікір айтуына және көшбасшылық қасиеттерін дамытуға ықпал етеді.

Біз балалардың тек мектеп қабырғасындағы біліммен шектеліп қалмағанын қалаймыз. Сондықтан жоғары оқу орындарына, ғылыми зертханаларға, театрларға, мұражайларға және ашық есік күндеріне танымдық экскурсияларды жиі ұйымдастырамыз. Мұндай кездесулер оқушылардың дүниетанымын кеңейтіп, болашақ мамандығын саналы таңдауға, жаңа мақсаттар қоюына әсер етеді.

Өйткені баланың қызығушылығы оянған жерде ізденіс пайда болады, ал ізденіс бар жерде үлкен жетістіктерге жол ашылады.

– Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан Гүлмира САДЫҚ

№29 (1209) 17.07.26

ҚАЗАҚ ҮНІ
www.qazaquni.kz

БЕКПАТША

Қазақ халқының ұяты – ауылда.

Бүгінде ауылдың беті екі түрлі. Бір беті қып-қызыл...

Бүкіл ауыл тіленші. Алақан жаяды. Сұрайтыны – екі қолға бір күрек. Ол құрғыр болса жоқ. Одан кейінгісі белгілі...

***

Ауыл бүгінгі кеспір-кейпіне бірден түсе қалған жоқ. Жетпіс жылға созылған советтік дәуір аталған талайлы жолдан өтті.

Қазақтың құс қанатын талдырған сайын даласын алып қалған қандай да бір әскер емес. Бақауыл болған тарыдай шашылып жатқан ауылдар. Сол елдімекен алдымен ұжымшарланды, соңынан кеңшарланды.

Бабаларымыздың өзен жағалап немесе бұлақ басын тіктеп ауыл тіккені белгілі. Ғасырлар бойы қалыптасқан осынау сайрақ совет заманында тәрк етілді. Айтақырларда ауылдар пайда болды.

Өтпелі кезеңде ең алдымен сыр берген осы ауылдар болды. Айналдырған екі-үш жылда тозтозы шықты. Біреуі қалаға қоныс аударды, енді бірі бабаларының ата-жұртына ат басын бұрды.

Мейрам Баданов та ауылда өскен. Кеңқолтық заман кешіпті-ау.

Таң қылаң бере үлкендер жұмысқа қотарылатын. Бүкіл ауылда ас пісіретін ақ жамылған аналарының бірі кезектесіп қалып отыратын. Дастарқан ортақ еді. Айғайшы біреу болғандықтан балалар да орынсыз жылапсықтамайтын. Білетіні, әйтеуір, бала-шаға аяққа оралғы емес еді. Қайта ұсақ-түйек көрінетін жұмыстарды қаратаяқтар тастай қылатын. Ауыл баласының мойнында жұмыс көп. Соның барлығын ойнап жүріп бітіреді. Қайқайсысы болсын бап тілемейтін. Бұйырғанына қанағат қылатын. Ашқұрсақ, бір ішек жүргендері кемде кем. Ондай жағдайда өріс індетіп, қорық қайнатып ішер еді.

Бәрі де солай ширатылып өскен.

Әр ауылдың ел әлпештеген ақсақалы болар еді. Әдетте мұндай ауылдың ауызбіршілігі мықты келеді. Жасына қарай төрге озып, жағына қарай сөйлейтін ауылдардың іргесі де сөгілмейтін. Бір түтін ірге сөксе ол ауылдың бетіне шіркей болып жабысатын.

Мейрам еңсесі биік сондай ауылда өсіп, тәлім-тәрбие алды. Нағашы тәрбиесін де көрді. Балалық шағының базары тарқамай тұрып талай ауылдың дәмін татты. Барған ауылында үй талғамады, күй талғамады. Сәлем берсең «Сәлем Алланың тоқсан тоғыз есімінің бірі» деп өз баласындай өбектейді.

Ауыл баласының алысқа ұзай қоймайтын белгілі. Үлкендердің өзі қала жаққа некен-саяқ қатынайды. Үйкүшіктіктен емес, әрине. Жұмыс бастылықтан.

Шет өңіріне өндірістің ерте келгені белгілі. Әсіресе, Ақшатаудың дүмпуі күшті. Одан қала берсе Ақжал, Қайрақты, Жамбыл кеніштері бар. Үлкен қалаларды көрмесе де ірге теуіп жатқан кеншілер қалашықтарын көрген. Көшелері жұнттай таза, үйлері аспандаған кеншілер қалашықтары баланың ақ парақтай жазылмаған көңіліне өшпестей із қалдырған.

Күні кеше өзінің кекілін сипаған ағаларының бірқатары осы кеніште істейді екен. Оған кәдімгідей марқайып қалған.

Ауыл баласы әсершіл келеді ғой. Іргелес жатқан кеншілер қалашықтары жөнінде қилы-қилы әңгіме естиді. Кезінде Ақшатауда тұтқын немістер, одан кейін жапондар жұмыс істепті-мыс. Қытайлар келіп ақшатаулықтардан сабақ алыпты. Шахтада аттар вагон тасиды екен...

Мұндай әңгімелер таусылмайды. Әр нәрсенің ақыр-тақыры болады емес пе?! Соңы міндетті түрде ақшаға келіп тіреледі. Шахтадағы ат айдаушының жалақысы колхоз басқармасының еңбеккүнін он есе орайды дейді.

Ауылда тоқшылық болғанымен ақша жоқ. Елдің ауылдан ұзай қоймайтыны да содан болса керек. Бірді-екілі болса да шахтаның оқуын оқитындар ауылдан да шыға бастады. Бұрындары ауыл баласы ең құрығанда мал дәрігерлікті ойласа, енді инженерлікке талпынды.

Заманына қарай көзқарас та өзгереді екен. Үлкендердің өзі «абыройды жапқан Ақшатау», «Ақшатау үш ауданды асырап отыр» деп күмпілдеп сөйлейді. Ақшатаудың бір шахтасының өзінде мыңның үстінде адам жұмыс істейді деп және бір әңгіменің шетін шығарады. Соның барлығын жатқызып, өргізетін мастер көрінеді. Ол оқу Қарағанды мен Алматыда бар.

Мейрам мектепті қазақша бастап, орысша тәмамдаған замандастарымның бірі екен. Мұндай кепті өндірісті аймақты мекендеген қандас құрбыларымның көбі бастан кешкен. Өйткені, кен инженерінің оқуы орысша.

Екі тілге бірдей жүйрік Мейрам емтихан сынақтарынан да мүдірмей өтті, оқуда да алда болды. Құрбыласы Бәкен Төлеуқұлов екеуі сұранып жүріп жолдамаларды Ақшатау комбинатына алған. Мұнда келген соң оларды Ақжал кенішіне жіберген.

Ол кезде Ақшатау үш ауданды асырап отырса, Ақшатаудың асыраушысы Ақжал болатын. Ақшатаудың басындағы шахталары «таза» зиянмен жұмыс істей беретін. Өйткені қорғаныс коды тізбесінен орын алды. Керек-жарақтың бәрін Мәскеуден өзі тауып беріп тұрды. Алда-жалда байыту фабрикасы салына қалса, министрдің өзі келіп, айлап жатып алатын. Мұнан Ақжал сынды «өгей балалар» да зиян шеге қойған жоқ. Құс сүтінен басқасының бәрі құйылып тұрды.

Құлша жұмыс істегеннің байша ішетіні рас екен. Қатардағы мастер болып орналасқан балаң жігіт бес жылға жеткізбей-ақ тау-кен цехының бастығы болып шыға келеді. Кеніштің ең үлкен цехы осы. Сонысына қарай мазасыз да. Үлкеннің бетіне келмеді, кішінің бетін қақпады.

Әкесі Ескендір көпті көрген адам. Ол кісіден алып қалған олжасы да аз емес. Сол олжасының бірі – «Ол да өзіңдей біреудің жалғызы» деген сөзі. Содан барып айналасына әкесінің көзімен қарады. Ешкімге ұртоқпақ болмады. Бар-жоғы жауапкершілік сұрады. Соның өзі де өнбестей көрінетін жұмысты аяғынан шығарады екен.

Ол тұста мен Ақадыр аудандық газетінің өнеркәсіп бөлімінің меңгерушісі едім. Осындағы Әжібжан Жанасбаев деген ағамыз Мемлекеттік сыйлық алып, сол кісінің еңбегін жазбақшы болып Ақжал кенішіне барғам.

Мейраммен алғаш рет сонда жолығысқам. Жауырыны қақпақтай, балуан денелі жігіттің кен инженері болып жүруі алғашқыда маған ерсі көрінген. Кезінде осы кеніште қазақша күрестен Орта Азия мен Қазақстанның бірнеше дүркін чемпионы Әлімшайқы Сәлімбаев жұмыс істеген. Соның жолын неге қумады екен деп ойладым. Сөйлесе келе жақын тарта бастадым. Тілді шұбарламайды екен. Скважинаны төтел, насосты сорап деп ұрып тұр. Сөзге ұста, тілмар екен. Ата тергессек аруақ жанаған Жақсы Жанқұттының ұрпағы болып шықты. Содан бері Мейрамнан көз жазған емен.

Сөйткен Ақшатау құлады. Нарық қыспағына шыдамады. Қайрақты, Жамбыл кеніштері де шөкесінен түсті. Аман қалғаны осы – Ақжал кеніші.

Сол кездегі Шет, Ақтоғай, Ақадыр аудандарының қабырғасын қайыстырған осы Ақшатаудың құлауы еді. Осы үш ауданның халқы жанама болса да нәпақасын Ақшатаудан айыратын. Он төрт мың тұрғыны бар Ақшатау, Қайрақты, Жамбыл кеніштерінің халқы бір-ақ күнде ұлардай шуласын.

Сол ауыртпалықтың барлығы Ақжалдың мойнына түскен. Нар жолында жүк қалмайтыны белгілі. Сол жүкті тартар қатепті нарлар керек еді. Ел іші емес пе – сайдың тасындай ондай жігіттер суырылып алға шықты.

Нар жақсысы – бекпатша. Қазақтың көші-қонының басында бекпатша жүрген. Бартал көшті бекпатшалар бастаған. Бекпатшасыз керуен көші қозғалмаған.

Мейрам замандасымды көрген сайын осы бартал көшті есіме аламын.

Бүгінде Ақжал да көшін түзеген.

Осы көштің бекпатшасы Мейрам Бадановтың есімі көпшілікке жақсы таныс. Оның ұзақ жылдар Ақжал кенішінің тізгінін қолына алған кезі де болды. Сол жетекшілік кезінде көш-керуен жүгі ауып көрмепті. Елі оны өндірістің ірі ұйымдастырушысы ретінде таныды. Білікті басшылығын мойындатты.

Болатын баланы балағындағы битінен танып жатады. Бала кезінде Мейрам күрессе жығып, жарысса озып, доп қуса да капитан болып сайлана қалатын. Додаға да, мараға да түскен. Қалайда қарсыласына шаң қаптыратын. Содан да болар басқа балалар өзіне үйірсектеп тұратын. Бәлкім, тектілігінен де шығар. Қалай десек те, беті ашығы – Мейрамның көшбасшылығы.

Кешегі күн мен бүгінгі күннің арасы жер мен көктей. Кешегі он бір балаға капитан болған бала кейін мыңдаған кенші жұмыс істейтін бірлескен кәсіпорынның бас директоры да болды. Ал жауапкершілік жағынан келсек оның салмағы батпандай түседі.

Ол осы елдің, осы өңірдің тумасы. Осы өңірдің асыраушысы десек артық болар, алайда алдына келгенін бос қайтарған да емес.

Сондағы беретіні жұмыс. Вахталық жұмыс әдісі бүгін де бар. Табысы жаман емес. Талап біреу. Құлша жұмыс істеу. Байша тұру немесе ішіп-жеуді әркімнің еркі біледі.

Ел ұланына сенім артты. Келекеле Мейрам Ескендірұлы халық қалаулысына айналған. Облыстық Мәслихаттың депутаты атанды. Сессияларда ауыл мәселелерін жиі көтеріп жүрді. Өйткені ауылдан кіндігі үзілмеген-ді.

Ақжалдың да өзіне жетерлік түйінді мәселелері жетерлік-тін. Мұндағы екі карьердің біреуінің қоры түгесілуге жақын. Ал ашық әдіспен әлі он жыл істей алады. Одан кейін де жабық әдіспен тағы бір он – он бес жыл жұмыс істеу мүмкіндіктері қарастырылып қойылған.

Алайда жұмыс бітті деп отырған Мейрамды көре алмаушы едік. Шапқылауы көп. Сондағы ойы Ақжал кенішінің ғұмырын ұзарта түсу. Қазірдің өзінде үш облыстың жерінен қажетті кен қорын іздестірудің геологиялық барлау жұмыстары басталып кетті.

Бүгінде ауылдың еңсесі тіктеле басталды. Ақжалмен ірге тепкен Қарабұлақ өңіріндегі сай-саланы қуалап кеткен ауыл санының өзі біршама. Қазір үш-төрт үй бір ауыл саналатын болды. Солардың жарығын тартып беріп отырған ақжалдықтар. Мұрша жетіп жатса суын да тартып бермек.

Ауылдың көбеюі – жағдайдың оңала бастағаны. Өз қотырын өзі қасуға жеткені.

***

Ауылдың беті екі түрлі. Бір беті – ақ...

Өйткені, өзі жарымай отырып келген тіленшіге қайыр береді.

Қазақтың ұяты – ауылда.

Қашанда ауылдың ұяты – Мейрам Ескендірұлы сынды бекпатшаларда.

Төрехан МАЙБАС,
жазушы.
Қарағанды облысы

ӨМІРДЕРЕК

1957 жылы Жезқазған облысы Шет ауданының Ақсу-Аюлы ауылында дүниеге келген.

1974 жылы жергілікті М.Горький атындағы орта мектепті ойдағыдай бітірген соң В.Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтының тау-кен факультетіне түседі.

Тау-кен инженері мамандығын алған жас маман еңбек жолын 1979 жылы Ақшатау кен-байыту комбинатына қарасты Ақжал кенішінде қатардағы тау-кен мастерлігінен бастайды.

1983 жылы тау-кен цехының бастығына көтермеленеді.

1985 жылы Ақжал кенішінің бас инженері болып тағайындалады.

1995 жылдан осы кеніштің директоры болды.

1996 жылдан бастап Ақжал кенішінің «Жаңа – Мырыш» болып қайта құрылуына байланысты осы бірлескен кәсіпорынның өндіріс директоры қызметін атқарды.

1998 жылдан бастап осы бірлескен кәсіпорынның бас директоры.

Қарап отырсақ, осы кезеңнен кейіпкеріміздің, қай жағынан болсын, бүгінге дейінгі өсу-өрлеу жолдары жатыр екен. Иә, ол Қарағанды облысындағы әлеуметтік қорғау және еңбек қатынастары саласындағы кәнігі маман дәрежесіне осылайша биіктей беріпті.

Әсіресе, 2009 жылдан аталған аймақта шахтерлер мен металлургтердің құқығын қорғау бойынша бас мемлекеттік инспектор қызметін атқарған тұстан халыққа кең таныла бастайды.

СЫРҒАЛЫ ҰЛДЫҢ СЫРЫ

Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасында атақты ғалым Дандай Ысқақұлының сексен жасқа толуына орай дүбірлі жиын болып өтті. Онда әріптестері мен шәкірттері бүгінгі ел әдебиеті мен ғылымының көрнекті тұлғасына жүрекжарды лебізін айтып, ұзақ та баянды шығармашылық ғұмыр тіледі. Сондай-ақ мерейтой иесіне Премьер-министрдің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваның арнайы Құттықтау хаты табыс етілді.

Төменде ғалымның сиясы кеуіп үлгермеген автобиографиялық «Өмірім жайлы» хикаятынан шағын үзінді ұсынылып отыр.

Дандай ЫСҚАҚҰЛЫ,
сыншы, филология ғылымдарының докторы, профессор

Мен Түркістан (бұрынғы Оңтүстік Қазақстан) облысы Отырар ауданының Қоғам аулында дүниеге келіппін. Отырар кезінде ислам мәдениетінің ірі орталығы болған, үлкендігі жағынан әлемдегі екінші орындағы (Александриядан кейінгі) кітапхана орналасқан, Аристотельден кейінгі «екінші ұстаз» атанған ұлы ғұлама Әл-Фараби туылған тарихи өнір ретінде белгілі. Қоғам – Арыс өзенінің Сырға құя берісіндегі ежелгі Отырар қаласындағы Арыстанбап кесенесіне жақын жерде отызыншы жылдары ұжымшар болып ұйысқан, 1957 жылы кеңшар болып қайта құрылған таза қазақы ауыл.

Анамның айтуынша, наурыз көже пісіріп жатқан кез болса керек. Атымды Дандай деп әкемнің өзі қойыпты. Оның мәні біз тұрған ауылда Қоңыраттың бір атасы Дандай маңғытайлардың ұрпақтары тұратын. Маған дейінгі балалары тұрмаған әкем менің атымды Дандай атаның ұрпақтары секілді өсіп-өнсін деп, ырымдап қойған екен.

Осы жерде тағы да мынадай бір қызық жағдайды айта кетпесем болмас: сол біздің ауылдағы Дандай маңғытайдың келіндерінен бастап, кемпірлеріне дейін бірде-біреуі менің атымды атамыздың аты деп, атамаушы еді. Ауылдың сол кемпірлері есіме түскенде, басынан бақайшығына дейін ұлттың болмысынан жаралып, дәстүрімен өмір сүріп, соны ұрпақтарына жалғастырған «қайран қазақтың аналары-ай» деген бір тіркес ойыма орала береді.

Тілеп жүріп көрген перзент болған соң болу керек, маған көз тимесін деп, төбеме тұлым өсіріп, құлағыма сырға тағыпты. Мектепке барғанымда, құлағымда сырға жоқ еді, бірақ басымда желбіреген шашым бар-тұғын. Осы шаш үшін менің көрмеген қорлығым жоқ; сынып оқытушысынан бастап, мектеп директорына дейін қаншама рет «алдырып таста» деп ұрсып, талай рет жиналыстарға салды; кейбір пысықай балалар сәл себеп болса болды «қызтеке» деп мазақтайтын. Талай рет үйге жылап келетінмін. Бірақ әкем «былқ етпей» айтқанынан қайтпады. Мектепке талай рет барып, басшылармен сөйлесіп, олармен не келісетінін білмеймін, әйтеуір, маған «бәрі дұрыс» дегендей ыңғайда тыныш жүре бер дейтін. Сонымен не керек, сол шашты бесінші сыныпта, яғни он үшке, қазақтың жыл санауы бойынша, бір мүшелге толғанымда барып, мал сойып, бір қазан палау бастырып, ауылды түгел шақырып, құран оқытып барып алдырды ғой, әйтеуір.

Өте ырымшыл әкемнің балаларына ат қоюы да қызық еді. Менен кейін туылған қызға Серік деп ат қойды. Серік ұлдың аты ғой, қыздың атын қойсайшы дегендерге «маған баламның артынан серік болып еріп жүрсе болды» деп ешкімді тыңдамапты. Сол қарындасым балалық шағында Серік болып жүрді де есейген соң барып, оған «қызды» қосып, Серікқыз атанды. Одан кейінгі қызға Ділла, Ділда деген ат берді. Ол кейін Ділдагүл болды. Іниме бұрындары өткен бір жақсы Ақмолда деген кісінің есімін берді. Ал одан кейін өмірге келген ұлды Ақмолдаш дей салды. «Ақмолда» да «Ақмолдаш» та бір ат қой десек те тыңдамады. Кейін әйтеуір, жабылып жүріп, Ақмолдашты Молдашқа өзгерттік. Ең кішіміздің атын Кенжегүл қойды.

Әкемнің әкесі, атам Төребек ауқатты адам болғандықтан да жиырмасыншы жылдардың соңындағы байларды тәркілеуге ұшырап, одан қалған малдарынан отызыншы жылдардың басындағы аштықта айрылып, күн көру қамымен атамекені Қаратаудың теріскейіндегі Жартытөбе жерінен Сыр бойына көшіп келген екен. Соңғы деректер бойынша, арғы аталарымыз кезінде Шыңғысханның қасында жүрген белгілі адамдар болыпты. Оның басты себебі Шыңғысханның нағашы, қайын жұрты қоңырат болғандығынан болса керек.

Әкем Төребекұлы Ысқақ ағайынды үш ұл, үш қыздың ең үлкені болыпты. Әкемнің Өтеген, Рахметолла атты інілерін мен көрмедім. Анамның айтуынша, екеуі де қарулы, ескіше хат танитын, жарамды жігіттер болған. Отызыншы жылдардың басында ұжымшарға ұйысу кезінде ұжымшардың орталығын салу үшін оның әрбір мүшесіне күніне 1000 кесектен құюды міндеттеген. Сонда ағайынды үш жігіт күніне 3000-нан құйып тұрыпты. Кейде норманы күндіз үлгере алмай, қалғанын түнде айдың жарығымен орындапты. Жоспарды орындай алмаса, ұжымшардан шығарып тастайды екен. Бұл дегеніңіз – күн сайын ұжымшар мүшелеріне еңбекақы ретінде беріліп тұратын ас-ауқаттан айрылу. Сондықтан да аш қалмау үшін өледі-тіріледі, тиісті кесек санын орындамай жатпайды. Әкемнің екі інісі қазіргі Қоғам аулының іргетасын қалаған үйлерді салу барысында ауыр еңбектен зорығып, өкпе ауруына шалдығып, бұл өмірмен жастай қоштасыпты.

Ал қарындастары – Күлсін, Бейсенай, Ұлтайлар өсіп-өніп, ұзақ жасап, бертінде қайтыс болды. Бейсенай апам 100-ден асып, өмір сүрді. Жиендер Отырарда, Түркістанда, Алматыда қызмет жасап, ұл-қыз өсіріп, тіршіліктерін жасап жатыр.

Әкем 1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысып, елге мүгедек болып оралып, қара жұмысқа жарамай, ұзақ жылдар ұжымшардың егістігіне қарауыл болып жұмыс жасады. Әкеміз соғыстан қайтып келе жатып, Сарытау (Саратов) қаласынан кейінгі бір стансада пойыздан түсіп, нан-пан алып жатқан кезде бір жас балдар келіп, қолында ұстап тұрған ақшасын ішіндегі бар құжатымен түйіншегін қоса жұлып алып, қашып, жеткізбей кетеді. Содан бір жағынан, елге аман-есен оралғанына шүкіршілік етіп, екінші жағынан, күйбең тіршіліктен қолы босамай, оның үстіне жазу-сызу білмейтіндіктен де құжаттарына іздеу сала алмауы салдарынан өмір бойы мүгедектігі жайлы жәрдемақы алмай өтті.

Бес уақыт намазын қаза қылмайтын әкеміз мінезі шапшаң, намысқой, өжет кісі еді. Бір қызығы, сыртта ешкімге көкірегін бермейтін, басын имейтін, топ ішінде ешкімге сөз бермей, бір өзі сөйлеп отыратын көкем үйде көп сөйлемейтін, бір-ақ айтатын өте қатал болды. Анамыз да, біз де бір ауыз қарсы сөз айтпайтынбыз. Біз әкенің қасы-қабағына қарап, әкенің айтқаны, әке сөзі заң болып, өстік.

Әкеміз бізді жастайымыздан еңбекке тәрбиеледі. Қозы-лақ бағудан басталған «еңбек жолымыз» кейіннен ауылдың малын кезектесіп бағуға, ауыл сыртынадағы егіндіктің арасына егілетін қауын-қарбыз, жүгеріні егіп, шабығын шауып, суғарып дегендей, бірінің соңынан бірі келіп отыратын бітпейтіндей көрінетін баптау жұмыстарына ұласатын. Бұл жұмыстарды аз десеңіз, күннің ыстығы 40 дәрежеге дейін көтерілетін оңтүстіктің аптап ыстығында ауылдан 5-6 шақырым жердегі бидайын орып алған аңыздың масағын теруге барушы едік. Бидайын жинап алғанына қарамастан, әр жерде бір масағы қалған аңыз қорылатын. Біз ауылдың балалары қарауылдың қолына түсіп қалмау үшін адам түгіл қыбырлағанның бәрі көлеңкеге кіріп, паналайтын, демалатын, күн барынша қайнайтын шаңқай түсте кейбіріміздің аяғымызда сүйретпеміз де жоқ, әркайсымыз бір-бір есекке мініп алып, ауылдан 5-6 шақырымдай жердегі Арыс өзенінің Сырға құяр тұсындағы егіндік аңызына бет алатынбыз. Әр жерде қалған бір масақты жүгіре жүріп теруші едік. Түс қайта, аптаптың беті ептеп қайта бастаған кезде томпая бастаған дорба-қапшықтарымызды алдымызға өңгеріп алып, жаудың бетін қайтарып, үлкен бір істі бітіргендей мәз болып, ауылға қайтатынбыз...

Ауылдың балалары бірге ойнаған «дос» болғанымызбен де кейде келісе алмай, шекісіп қалатын кездеріміз де болмай қалмайтын. Сондай бір «есеп айырысудың» барысында жазықсыздан таяқ жеп қалғанымды айтып, жылап келгенімде, әкем маған жақтаспақ

түгілі, менің жылап келгеніме намыстанып, «таяқ жегенше, қолында өліп қалмайсың ба, әлің жетпесе, тыныш жүр» деп өзіме ұрсып, қамшымен тартып-тартып жіберді. Содан кейін әкеме «арыз» сияқты сөздерді айтпайтын болдым.

«Қамшы» демекші, ылғи да атқа мініп жүретіндіктен де болса керек, әкемнің қолынан қамшысы түспейтін. Тіпті, тамақ ішіп отырғанда да қамшысы қасында жататын. Қамшы жатқан жерде қамшының тәртібі орнайтын. Біздің үйде көбіне әкем емес, қамшы «сөйлейтін». Алғаш рет балалық қызығушылықпен алма ұрлап көргенімізде, «мықты кісілерге» еліктеп, темекі тартқанымызда, қауын ұрлағанымызда, сол қамшы «сөйлеп» тәртіпке шақырған. Ұзын сөздің қысқасы, ауылдың балалары қызығушылықтың, еліктеушіліктің әсерімен көп ойлана бермей баратын осындай «дәстүр» боп кеткен жаман, теріс қылықтардан бізді сақтап, тура жолға салған әкемнің осы бір қазақы қамшысы болды десем артық айтқандық емес. Күні бүгін маған осы бір қазақтың қарапайым шалдарының қолында жүрген қамшы нағыз қазақы тәрбиенің, ұлттық дәстүрдің қорғаушысындай, жоқтаушысындай, символындай, ол ілулі тұрған жерде ұлттың рухы да аңқып тұратындай көрінеді де тұрады.

Әкем менің есім кіргелі ауылдың сыртындағы мақталықтың, кейін жүгеріліктің қарауылы болды. Мен де қашан атқа мініп, әкем сияқты жүрер екенбіз деп, қызығатынмын. Көкем бір күні жұмысынан ертелеу келді. Әдеттегідей, қарсы алып, «атқа бір мініп көрер ме еді» деп іштей ынтығып тұрғанда, атынан түсіп жатып, мені қасына шақырды да бірден көтеріп, ерге мінгізе салды. Мұны күтпеген мен ердің басынан ұстап, қатып қалыппын. Анадай жерде күбі пісіп жатқан анам «құлап қаласың, мықтап ұста» деп шыр-пыр етеді. Мен де аттан құлап қалмайын деп, іштей қорқып тұрмын. Оған қарайтын көкем жоқ. Бәрі керісінше болды. Көкем мені аттан түсірмек түгілі, тізгінінен ұстап тұрған атын босатып жібере салды. Жуас ат орнынан қозғалмай тұра беріп еді; «чу-чулеген» әкем аттың сауырынан қамшымен тартып-тартып жіберді. Мұндайды күтпеген ат тұрған орнынан бірден ытқып кетті. Мұны күтпеген мен құлап қала жаздап барып, ердің басына жабысып қалыппын. Бірден ытқып кеткен ат сәлден соң, жүрісін баяулата түсті. Ердің басынан ұстап, жабысып қалған маған «бір қолыңмен тізгінді ұста» деп айқайлады. Бір қолымды ердің басынан босатсам, құлап қалатындай көрінген мен айтқанды орындай қоймап едім, ашуланған әкем «жүгенді ұста» деп қатты ұрсып айқайлап жібергенде, сол қолыммен аттың тізгінін қалай ұстағанымды өзім де білмей қалдым. Жүгенге үйренген жуас ат менің тізгінді тартқаныма қарай жүре берді... Бұл менің алғаш рет атқа мініп, тізгінін өзім ұстауым еді.

Әкем атқа құмар кісі еді. Сексен жасына дейін өзінің қарагер атымен оңтүстікте көктем-күз маусымдарында жиі өтетін той-томалақтарда міндетті түрде берілетін көкпарлардан қалмайтын. Көкпар шабамын деп талай рет аттан құлап, өліп қала жаздаған кездері де болды. Ол 80 жасында да көкпарға

ӨМІРДЕРЕК

Дандай Ысқақұлы – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Республикасы Гуманитарлық Ғылымдар Академиясының академигі, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі, Түркі әлемі педагогтар ассоциасиясының (TURKDEB) мүшесі, филология ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің профессоры. Дандай Ысқақұлының 33 үш кітабы, 791 мақаласы Қазақстанда және шет елдерде жарық көрген. Ол «Құрмет» орденінің иегері, еліміздің жоғары білім беру жүйесінің дамуына қосқан зор үлесі, сондай-ақ оқу әдебиеттерін жазудағы көпжылдық нәтижелі еңбегі үшін А.Байтұрсынов атындағы алтын медальмен, Түркі әлемін зерттеуге сіңірген еңбегі үшін ТҮРКСОЙ-дың Түркі әлемі мәдениеті мен өнеріне жасаған зор үлесі үшін Мақтымқұлы медальдарымен, әдебиеттану ғылымындағы жетістіктері үшін Мәшһүр Жүсіп атындағы және Сұлтанмахмұт Торайғыров атындағы алтын медальдармен, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің дамуына қосқан үлесі үшін «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне – 80 жыл» мерекелік медалімен марапатталған; Халықаралық «Алаш» сыйлығын және түркология саласындағы аса зор жетістіктері үшін Күлтегін атындағы сыйлық алған. Түркістан облысы Отырар ауданының құрметті азаматы.

барып, көкпар шауып жүрді. Осылайша, атқа мініп, көкпар шауып жүрген әкем бір жылдай науқастанып, 1981 жылы жаман аурудан 81 жасында қайтыс болды.

Анам Рсалды Шерімбетқызының өсіп-өнген әулеті де кеңес өкіметінің зобалаңына көп ұшырапты. Теріскейдің Үштөбесін малы ен жайлаған Шерімбет те бір жағынан, тар заманның қыспағы, екінші жағынан, табиғаттың күтпеген дүлей мінезінен малмүлкінен жұрдай болып, Сыр бойына қарай ойысыпты.

Анамның сол бір ауыр күндер туралы айтқан мына бір әңгімесі есімде қалыпты: «Қай жылы екені есімде жоқ, жұрт «ақ боран» атаған жылы қыс қатты болды да, көктем кешігіңкіреп шықты... Мамыр айындағы теріскей өңірінің көктемі керемет қой. Қаратаудың сілемденген құба жондары, таудан арқаға қарай созыла түскен сайын дала көк майсаға оранып, қызғалдақтармен көмкеріліп, қарасаң көзің тоймайтын бір тамаша кез еді. Қыстан қысылып шыққан мал көкке тойынып, ауылдың балдары жуа қазып, қызғалдақ терген, ертеден кешке дейін ойынға бір қанбай, қызығына тоймай, үй бетін көрмей жүрген бір қызық уақыттұғын. Жалаң аяқ, жалаң бас шапқылап жүрген осындай бір күні табан астынан ауа райы бұзылды; алдымен, аспанды қара бұлт тұмшалап алды да жауындатып, дауылдатып, құйып-құйып жіберді. Жауынның арты қарға ұласып, онан соң қатты боран соқты. Малды суықтан паналатуға жер жоқ болғандықтан, түйелерді айналдыра шөктіріп, қора жасап, бар малды соның ішіне қамадық; жаңа туған төлдерді енесімен бірге киіз үйдің ішіне кіргіздік. Сол қарлы боран үш күн, үш түн соқты. Біз сол үш күн, үш түнді киіз үйдің ішінде қозы-лақ, бұзаулармен бірге қой-ешкі, сиырлардың арасында өткіздік.

Үш күн бір тынбастан ұрып-соққан боран бірден басылып, жарқырап күннің көзі шықты. Көктемнің ыстық жылуы қойсын ба, жер-көкті басып қалған қар бірден еріп, сай-саланың бәрін топан су қаптап кетті. Қар басып қалған біздің «түйе қораның» ішіндегі малдың аман қалғаны жоқ болып шықты; бәрінің өкпесіне суық өтіп кетіпті; ал «қора» болған түйелер тірі болғанымен де орындарынан тұра алмай, жатқан жерлерінде өлді. Осы қырғыннан киіз үйдің ішіне кіргізген жаңа туған малдар мен олардың төлдері ғана аман қалды.

Күннің бірден жылып кетуінің әбігері аз болмады. Қырылып жатқан малға қарамақ түгілі, енді қаптаған топан судан адамдарды, үйлерді, аман қалған бірлі-жарым малдарды сақтап қалудың өзі оңайға түспеді.

Әлі есімде, бір кезде аттан салған, «құтқар» деген дауыс қаптап кетті. Өз қарақан басының қамымен әбігер болып жатқан жұрт жүгірген жаққа біз де жетіп барсақ, о тоба, өз көзімізге өзіміз сенбедік: сарқырап аққан топан сумен бірге бесік ағып барады; бесіктің ішінде бір бала жылап бара жатыр... Адамдар бесіктегіні құтқарып қаламыз деп, жапатармағай солай қарай ұмтылды; бірақ топан су ағынының күштілігі соншалық, бір де бір адам жете алмады; тіпті, атпен қуды, олар да жете алмады...

Су бетінде толқын ұрып, ағып бара жатқан бесік, оның ішінде шыңғырып жылап бара жатқан баланың даусы көпке дейін түсіме кіріп, шошып оянып жүрдім. Сол бір көрініс көкірегімде сурет болып, мәңгілікке қалып қойды». Анам айтқан осы бір әңгіме менің де есімде сақталып қалыпты.

Анамызды әкемізге он үш жасында ата-аналары құда түсіп, қосыпты. Ауқатты әке-шешесінің алдында ер бала сияқты ерке өскен жалғыз қызы бір үйдің тұңғышына тұрмысқа шыққан соң, бірден есейіп кеттік; өсіп-өнген шаңырақтың үй шаруашылығы, ас-ауқатының өзінен-ақ ертеден кешке дейін бір тынбайтынбыз дейтін. Ал қызын құтты ұясына қондырған әке-шешесі жоқшылықтың, тіршіліктің қамымен Тәшкен жаққа кетіп, он шақты жылдан соң, елге оралады.

Осы оқиғаға байланысты анам айтқан тағы бір оқиға ойға оралады. Теріскейдегі жұттан бар малынан айрылған Шерімбет аман қалған жеті түйесіне тек қана алтын-күмістен жасалынған бағалы заттарын артып, Сыр бойына келген ғой. Жаңа қонысқа келгенде де алтын-күмістің ешбір құны болмаған; қанша алтын берсең де тамаққа талғажау боларлық ештеңе сатып ала алмаған екен. «Арпа-бидай ас екен, алтын-күміс тас екендігіне» сонда көзіміз жетті дейтін.

Тәшкен жаққа қоныс аударар алдында нағашы атамыз сол алтын-күмістерді «кейін

келіп аламыз» деп, ауылдың сыртындағы тоғайдың шетіндегі қалың тоғай болып өскен топ талдың жанындағы сайды белгілеп, айдың жарығымен түн ішінде көмген. Он жылдан кейін келіп, тығып кеткен қазынасын іздесе, таба алмайды; сөйтсе, баяғы ауыл да, ел де жоқ; тоғай да, сай да жоқ; ел ауып кеткен; қалың тоғайдың ағаштары кесіліп, одан қалғандары құрғақшылықтан қурап, айнала тап-тақырға айналыпты.

Әкеміздің мінезі кейде шарт-пұрт болып қалатын болса, анамыз өте салмақты кісі еді. Көкем кейде болмашы нәрсеге күйіп-пісіп, ұрсып жатқанда, анам бір ауыз сөз қарсылық білдірмейтін; ашуы басылған соң барып, не болғанын түсіндіретін. Жалпы, біз әке-шешеміздің бір нәрсені түсінісе алмай, сөзге келіп жатқанын естіген де, көрген де емеспіз. Біздер үшін әкеміздің айтқаны заң болатын. Десек те, үй-ішінің бар мәселесін анамыздың өзі шешіп, өзі атқаратын. Әкеміз балаларына қатал қарап, қатал тәртіпке үйретсе, анамыз еш уақытта дауыс көтеріп ұрсып көрген емес; барлық уақытта да жүзі нұрланып, мейірімін шашып, қамқор болып жүретін. Көкем өзінің қаталдығымен өмірдің алда кездесетін не бір қиындықтарынан қайыспай өтуге тәрбиелесе, анамыз аналық мейірімін бойымызға сіңіріп, мейірімді болып өсуге баулыды.

Анамыз 12 құрсақ көтеріпті. Ол кезде жаңадан құрылған ұжымшарларда баланы бағатын балабақша, қарайтын дәрігер дегендер ойға түгілі, түске де кірмейді екен. Кейде бір үзім нанға зар болатын халықтың жоқшылықтағы тұрмысы, таңның атысы күннің батысына дейінгі бір тыным таптырмайтын мақтаның шабығы, терімі деген сияқты бітпейтін ауыр еңбек жас баланы дұрыстап бағуға мүмкіндік бере бермейді. Жас босанған әйелдер емшектегі балаларын 3-4, кейде 4-5 шақырым жердегі мақталыққа арқалап барып, баласын емізіп болған соң, не қасына қамзолына орап, ұйықтатып тастайтын, не еңбектегі баланың беліне жіп байлап, қағылған қазыққа байлап қоятын болған. Анасының бір көзі баласында, оған қарап қойып шабығын шаба беретін. Баласын қасына жатқызып, не ойнатып қойып, шабық шауып жүрген аналар қайтарында тамақ пісіруге деп, бір-бір арқа жалпылдақ отын дайындап, үстіне балаларын ыңғайлап отырғызған отын арқалап, балаларымен қосыла өлең айтып, у-шу болып, қас қарая ауылға келеді екен.

Болашақ ұрпақтары үшін адам сенбестей осындай еңбек еткен, ерліктер жасаған аналарымыздың алдында біз – мәңгілік қарыздармыз. Бұл жағдайларды мен менің анам осындай болған деп, мақтану үшін емес, ұрпақтары біз үшін, біздің болашағымыз үшін аналарымыздың сол бір қиын-қыстау кездерде қайыспай, басына түскен ауыртпалықты көтере білгенін кейінгі ұрпақ біле жүрсе, олардың өмірдегі ерліктері кейінгілерге үлгі, сабақ, мақтаныш болса екен деген игі ниетпен айтып отырмын.

Балалық шағымыз соғыстан кейінгі қиын жылдарда өткен біздің өстіп аман-есен, деніміздің сау болып жүріп жатқанымыз сол бір кемпір мен шалдың бейбіт күндегі ерен еңбегінің арқасы ғой деп ойлаймын. Бойымызда қандай да бір қасиет болса, сол ақ жаулықты анамыздың ақ сүтімен келген, солардың сөзімен де, ісімен де көрсеткен өнегесінің арқасы деп білемін. Біз сол ата-анамыздың бізге деген аяулы алақанының арқасында ғана жетіліп, өмірдегі өзімізге лайықты орынды алдық. Осы күндері мен біздің амандығымыз үшін қолынан бар келгенін істеген, тіпті, кей жағдайларда қолынан келмейтіндерін де келтірген ата-аналарымыздың үмітін ақтай алып жүрміз бе, солар істеген істерді істей аламыз ба деген сауалдар төңірегінде көбірек ойланатын болып жүрмін. Ойланған сайын олардың адами болмысы биіктей түсуде...

Мен үшін мына жалғанда өзімнің әкемнен, анамнан мықты Адам жоқ сияқты. Мен әкеме еліктеп, анамның ғибратты сөздерін құлағыма құйып өстім. Адамдықты да, адалдықты да, имандылықты да бойымызға сіңірген, жалпы, адам боп таза өмір сүрудің тура жолына түсірген де – мыжырайған сол бір қара шал мен қара кемпір, яғни менің Әкем мен Анам. Өмірдің түрлі қиындықтары кездескенде, осындай кездерде әкем не істер еді, анам не дер еді деп, ойша сырласамын; сол кезде бәрі де орын орнына келе беретіндей...

Біздің ауыл ежелгі Отырар қаласының аумағындағы қару-жарақ жасайтын ұстаханасы орналасқан, қазір орны төбе болып қалғандықтан Пышақшы аталған төбенің маңында еді. Есіміз кіре бастағанда, алғаш көргенімізден есте қалғандары осы Пышақшы төбе, құшханасы болған Құйрық төбе, зергерлік бұйым ұстаханалары орналасқан Алтын төбелер болды. Жаздың күні ауылдың жас балдары біздің ауылға жақын Пышақшы төбенің маңына қозы-лақтарымызды жаятын едік. Әр бала үйінен қарны ашқанда, ішіп-жейтін нан-пан дегендей, бірдеңе-шірдеңелерін түйіп ала шығатын. Күн түске таяу қозы-лақтарымыз тойынған соң, оларды көлеңкеге иіріп жатқызып, өзіміз биік өскен жантақтардың көлеңкесінде ойынға кірісетінбіз. Сол жердегі жантақтың биік өсетіні сондай, 4-6 жасар баланың бойындай биік өскендіктен көлеңкесінде еркін ойнайтынбыз.

Әкем бірінші дүниежүзілік соғысқа бастан-аяқ қатысып, 1945-жылдың мамырында елге оралыпты. 1941 жылы әскерге кеткенде, бір үйдегі бір қазаннан әке-шешесі бар, барлығы 12 жан ас ішіпті. Бес жылдан соң, соғыс бітіп, елге оралғанда, сол 12-ден екі-ақ адам – менің анам мен әкемнің ең кенже қарындасы Үлтай апа ғана қалыпты. Сонда соғыс кезіндегі ауыртпалықтардан 5 жылда бір шаңырақтан 10 адам түрлі жағдайлармен о дүниелік болып кеткен ғой. Марқұм анам «сол кезде бойжетіп отырған Үлтай апамыз сөз айтып келген, алып қашпақшы болған талай жігітті қайтарып, «кәрі қыз» атанып еді; сондағы бар ойы – қара шаңырақты құлатпау, әскерге кеткен ағасын күтіп, шаңырағын иесіне тапсыру болатын. Сөйтіп, Үлтай апаң екеуміз осы шаңырақты сақтап қалып едік» дейтін. Үлтай апамыз ағасы әскерден келген соң барып, тұрмысқа шығып, ұл өсіріп, қыз өсіріп, шөбере сүйіп дегендей, өсіп-өніп, ұзақ өмір сүріп, бертінде ғана қайтыс болды. Ұл-қыздары бұл күндері Алматыда, Отырарда тұрып жатыр.

ҚҰТТЫҚТАУ

Құрметті Дандай Ысқақұлы!

Барша Қазақ руханияты мен зиялы қауым үшін айтулы белес – Сіздің асқаралы 80 жасқа толған мерейтойыңызбен Мәдениет және ақпарат министрлігінің және жеке өзімнің атымнан шын жүректен құттықтаймын!

Сіз саналы ғұмырыңызды отандық әдебиеттану ғылымы мен әдеби сын саласын дамытуға арнап, қазақ сөз өнерінің өркендеуіне өлшеусіз үлес қосып келесіз. Көпжылдық ұстаздық қызметіңізде жүздеген шәкірт тәрбиелеп, оларды ғылым мен шығармашылықтың даңғыл жолына салдыңыз. Мұхтар Әуезов шығармашылығын зерттеу, Алаш арыстарының мұрасын ұлықтау, сондай-ақ мемлекеттік тіл саясаты мен ұлттық тәрбие бағытындағы кесімді пікірлеріңіз бен іргелі зерттеулеріңіз қоғам үшін әрқашан жоғары маңызға ие.

Осынау мерейлі сәтте Сізге сарқылмас шығармашылық шабыт, деніңізге саулық, отбасыңызға бақ-береке тілеймін. Қазақ әдебиетінің биігінде ақылман абыз ақсақал ретінде аман-есен жүре беріңіз!

Құрметпен – Аида БАЛАЕВА,
Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі

Суретте: студенттер Дулат Исабеков пен Дандай Ысқақұлы жатақхана алдында. 1965 жыл.

Взвод командирі Дандай Ысқақұлы – Ленинградта. 1970 жыл.

«АҚ ЖОЛ» МОЖЕТ СТАТЬ ВТОРОЙ ПАРТИЕЙ В ҚҰРЫЛТАЕ

В политической системе страны после конституционной реформы разворачивается беспрецедентная конкуренция за избирателя, которая проявится на выборах в Құрылтай 23 августа 2026 года через борьбу 7 допущенных партий за 145 мест. Массовое выдвижение (546 кандидатов), расширение квот, ребрендинг политических сил, а также жесткие ограничения со стороны закона, исключающие популизм и подкуп, – это главные особенности текущей избирательной кампании и основные механизмы этой борьбы.

Беспрецедентная конкуренция за избирателя

Высокая соревновательность за голоса избирателей выражается в численном охвате кандидатов: партия «Әділет» выставила 186 кандидатов, заняв максимальную долю политического пространства, за ней следуют партии «Respublica» (76), Народная партия Казахстана (72) и другие. В условиях пропорциональной системы и обновления государственных институтов партии балансируют между сохранением опытных политиков и привлечением молодежи, женских лидеров и лиц с инвалидностью (на выполнение квоты в 30% обращено особое внимание).

К тому же избирательное законодательство запрещает раздачу благ, проведение масштабных благотворительных акций до выборов и использование административного ресурса. В целом наблюдается отказ от незаконных технологий в пользу реальных решений.

Суть реформ президента Касым-Жомарта Токаева действительно требует больших изменений, чтобы адаптировать страну к новой геополитической реальности и исключить возврат к старым политическим практикам. Руководство страны подчеркивает, что реформы уже привели к необратимому изменению общественного сознания, требуя от чиновников, политиков, депутатов и политологов отказа от привычных методов администрирования.

Поэтому и полное переформатирование партий, партийное поле и идеология кардинально изменены, включая слияния и трансформации политических партий и организаций, направленные на обновление элит и отход от старой системы и менталитета, даже Парламент теперь – Құрылтай. Какие партии способны на адекватные изменения с прогнозной аналитикой – welcome в Құрылтай, а остальные – оставайтесь в «эпохе Назарбаева». Скорее всего, все партии после трансформации, изменений, частично – в «усечённом» виде войдут в Құрылтай. Само главное – учрежден пост вице-президента как транзит курса главы государства.

Каждая партия борется за конкретный сегмент. И в результате борьба переходит в плоскость презентации конкретных предвыборных программ, анализа предложений по развитию экономики, регулированию тарифов и инфраструктуры. Интрига выборов заключается не столько в выявлении очевидного лидера, сколько в распределении мест и в том, сумеет ли одна из сил собрать большинство для формирования коалиций.

Партии обновили предвыборные программы под новые реалии государственного управления. Например, Демократическая партия Казахстана «Ақ жол» позиционирует себя как защитник бизнеса, «Ауыл» акцентирует внимание на аграрном секторе, а партии «Respublica» и другие делают ставку на молодежь и цифровизацию.

Партия «Ақ жол» идет на выборы в Құрылтай с обновленной предвыборной программой «Перемены неизбежны», предлагая усилить парламентский контроль за бюджетом и деятельностью госорганов. Программа предусматривает закрепление конституционных реформ, переход к полноценному парламентаризму, обеспечение открытости бюджетов и справедливой конкуренции. Главные идеи партии сосредоточены на укреплении парламентаризма, защите отечественного бизнеса, борьбе с коррупцией и развитии человеческого капитала. На предвыборном съезде партия утвердила партийный список из 63 кандидатов.

«Ақ жол»: курс на обновление и трансформацию

Многие политики, политологи, эксперты не понимают глубинного смысла реформ президента Токаева, хотя события, связанные с ними, происходили и происходят на наших глазах.

Ведь даже высшие чиновники «перед Рубиконом» ринулись по старинке выступать и писать свои интеллектуальные статьи «на злобу дня», показывая чудеса информативности, красноречия и ораторства, а политологи, эксперты, журналисты – о либерализме, власти народа, демократии, честных выборах, либерализации законов и т.д. Адекватно поступил Азат Перуашев, который без лишней риторики и патетики ушел с поста главы партии «Ақ жол», – организация способна на обновление и трансформацию.

Избрание вице-спикера Мажилиса Дании Еспаевой новым председателем ДПК «Ақ жол» – это сильное политическое решение, направленное на обновление и трансформацию организации. На съезде партии были заданы обновленные векторы развития: на усиление парламентского контроля, защиту бизнеса и повышение эффективности региональных филиалов в рамках подготовки к предстоящим выборам.

Партия под руководством Еспаевой предлагает расширить подотчетность кабинета министров перед парламентом и строго контролировать исполнение президентских посланий. Сохраняя свой статус партии предпринимателей, «Ақ жол» делает акцент на снижении давления на малый и средний бизнес, развитии женского и социального предпринимательства.

Как заявила новый лидер, списки кандидатов формировались на прозрачной основе из профессионалов со стажем и устоявшейся идеологией. Многолетний лидер Азат Перуашев, сложив полномочия, остается в политической команде партии, что исключает резкие идеологические развороты, обеспечивая плавную адаптацию к обновленным политическим реалиям и преемственность курса.

Фактор того, что Дания Еспаева возглавила партию «Ақ жол» и является единственной женщиной-лидером среди парламентских партий, оказывает значительное позитивное влияние. Это обновление укрепляет имидж партии как открытой, современной и демократичной, а также добавляет фокус на защиту социального и женского предпринимательства. Как опытный финансист, Еспаева делает акцент на развитии малого и среднего бизнеса, контроле за государственными финансами и поддержке женского предпринимательства.

Эти ключевые изменения имеют сильный отклик у электората. Обновление имиджа «Ақ жол» и передача власти от Азата Перуашева воспринимаются избирателями как шаг к реальной сменяемости и омоложению партийной системы. Выдвижение женщины-лидера усиливает позиции партии в борьбе за голоса женской аудитории. Для координации этой работы в партии даже создали специальное крыло «Ақ жол арулары».

В самом деле, это сильная ниша, которая усиливает позиции партии не только в женской аудитории. Поэтому будет актуален предвыборный лозунг: «Голосуйте за женщину-лидера, которая приведет к социальной справедливости, равенству и развитию, а не к пустой предвыборной риторике». Ведь главные преимущества женщин- руководителей в политике всем известны: они чаще лоббируют законы о поддержке института семьи, материнства, доступности детских садов и гибких условиях труда. Выдвижение женщин-политиков способствует принятию бюджетов, направленных на здравоохранение, образование и развитие инфраструктуры. Лидерство, основанное на эмоциональном интеллекте и способности к компромиссам, позволяет эффективно решать межпартийные конфликты.

К тому же партия «Ақ жол» усиливает работу филиалов в регионах для более тесной поддержки малого и среднего предпринимательства, а также активной помощи социальному, женскому и молодежному предпринимательству. Акцент партии на региональном бизнесе закреплен в программе «Перемены неизбежны» и сфокусирован на децентрализации ресурсов, снижении налоговой нагрузки и защите интересов предпринимателей на местах.

«Ақ жол» может стать второй партией

Будущее партии «Ақ жол» зависит от ее способности адаптироваться к новым политическим реалиям Казахстана, включая выборы. Как умеренно-оппозиционная сила, выступающая за либерализацию экономики и защиту бизнеса, она сохраняет шансы на присутствие в Құрылтае, однако сталкивается с жесткой конкуренцией за электорат в меняющейся партийной системе.

«Ақ жол» выступает за рыночную экономику и поддержку отечественного бизнеса, активно обновляет свою повестку в связи с конституционными нововведениями. В условиях конституционных реформ запрос на защиту предпринимательства остается высоким, что дает партии стабильную социальную базу. Чтобы оставаться актуальной, партии необходимо привлекать новые лица, так как избиратели всё больше требуют свежих политических инициатив.

Исход выборов в Құрылтай покажет голосование, назначенное на 23 августа 2026 года. По оценкам казахстанских политологов, «Ақ жол» имеет сильные шансы преодолеть 5-процентный барьер, но останется ли партия второй по количеству мандатов, будет зависеть от результатов прямой конкуренции.

Партия представила один из самых профессиональных и логически выстроенных списков кандидатов, что дает ей преимущество. «Ақ жол» традиционно работает с предпринимательским классом и имеет достаточно устойчивую электоральную нишу. Тем не менее, эксперты прогнозируют жесткую борьбу за электорат с партией «Ауыл» и партией «Respublica».

Да, ДПК «Ақ жол» неоднократно занимала второе место по количеству мандатов в Мажилисе. По итогам парламентских выборов в разные годы партия получала следующие результаты. 2012 год – 7 мест (второе место после партии «Нур Отан», разделив его с Коммунистической народной партией Казахстана). 2016 год – 7 мест (уверенное второе место после «Нур Отан»). 2021 год – 12 мандатов (второе место, уступив только партии «Нур Отан»). 2023 год – 6 мандатов (третье место, уступив партиям «Аманат» и «Ауыл»).

Выборы по партийным спискам выдвигают новые требования: программы партии должны быть не только актуальными, но и востребованными в обществе, поэтому организации должны бороться не только за мандаты, но и за имидж и узнаваемость в народе. Ведь перед выборами избиратели смотрят на то, что предлагают партии и какие программы у них. Поэтому актуальны новые инициативы, уникальные предложения и интересные программные положения.

К тому же избиратель по-настоящему любит, когда его слушают, а не только, что говорят ему. Поэтому борьба за голоса и сердца избирателей должна вестись на улицах, во дворах, в магазинах, на рынках, везде, где встретите своих избирателей, чтобы не только самому выступать, но и выслушать мнения людей. Живое общение – это самый сильный двигатель партии на выборах: если хотите, чтобы избиратели голосовали за вас – побольше общайтесь с ними.

Дастан ЕЛДЕС

ПОЛИТИЧЕСКИЕ ПАРТИИ КАЗАХСТАНА ГОТОВЯТСЯ К ВЫБОРАМ В КУРУЛТАЙ

ЦИК принял документы от партий на выборы в Курултай. На смену двухпалатному парламенту с 1 сентября 2026 года придет однопалатный Курултай.

АСТАНА, 14 июль - Spuutnik. Самые необычные за последние годы парламентские выборы пройдут 23 августа в Казахстане.

Казахстанцам предстоит выбрать 145 депутатов, которые будут принимать законы и представлять интересы граждан. Правда, голосовать теперь будут не за конкретных кандидатов, а за партийные списки. Sputnik Казахстан разобрался, какие партии претендуют на места в новом парламенте и что они предлагают.

«Адилет» (Справедливость)

Самая молодая и в то же время самая крупная партия страны. Зарегистрированная в июне 2026 года партия сразу стала правопреемницей AMANAT – бывшей партии Назарбаева «Нур Отан». Решение об объединении приняли на съездах обеих партий.

Возглавляет партию Айбек Дадебай. С февраля 2024 года по май 2026 года он руководил Администрацией президента Казахстана.

«Адилет» делает ставку на развитие страны через сильные государственные институты, социальную поддержку, строительство жилья, развитие инфраструктуры, образования и медицины.

Большая часть высокопоставленных чиновников – выходцы именно из этой партии. В том числе и президент Касым-Жомарт Токаев. Правда, в 2022 году он от партии отделился, заявив, что глава государства должен быть равноудален от любых политических сил.

Прокурор по делу Бишимбаева вошла в список «Адилет»

В списках партии оказалась и прокурор Айжан Аймаганова. Она стала известна во время судебного процесса над бывшим министром экономики Куандыком Бишимбаевым в 2024 году.

Напомним, Бишимбаев получил 24 года тюрьмы за убийство своей бывшей жены Салтанат Нукеновой. Аймаганова сообщила в соцсетях, что ушла из органов в связи с выдвижением кандидатуры в депутаты – закон запрещает сотрудникам правоохранительных органов состоять в политических партиях.

Демократическая партия «Ак жол» (Светлый путь)

Была зарегистрирована в апреле 2002 года. Ее также называют партией предпринимателей.

До середины июня 2026 года ее возглавлял Азат Перуашев, который руководил партией в общей сложности 24 года. Теперь бразды правления в руках вице-спикера Мажилиса Дании Еспаевой.

Депутаты «Ак жол» нацелены на поддержку малого и среднего бизнеса, снижение налоговой нагрузки, защиту частной собственности. Депутаты выступали и продолжают выступать против нового Налогового кодекса и работают, чтобы в новом парламентском сезоне правительство все же внесло в него смягчающие поправки для малого и среднего бизнеса.

Сама партия определяет себя конструктивной оппозицией, деловой партией и последовательницей движения «Алаш» начала XX века. В Мажилисе предыдущего созыва партию представляли шесть депутатов.

Respublica

Председателем трехлетней партии является Айдарбек Ходжаназаров.

Respublica делает ставку на предпринимательство, цифровизацию, современные технологии и эффективное государственное управление.

Партия позиционирует себя как метапартию, людей Нового Казахстана, ощущающих свою принадлежность и к Европе, и к Азии. Среди главных приоритетов: образованная нация, здоровье, казахстанская культура и благополучие граждан.

По результатам прошлых выборов в Мажилисе работали шесть депутатов от этой фракции.

«Ауыл» (Аул, Село)

26-летняя патриотическая партия, которую возглавляет Кайрат Айтуганов.

Уже из названия понятно, что сфокусирована она на развитии села и сельского хозяйства. Также «Ауыл» выступает за поддержку семейных ценностей, фермеров, регионов, продовольственную безопасность и сокращение разрыва между городом и деревней.

В прошлом парламентском сезоне «Ауыл» был второй по численности партией мажилиса – восемь депутатов.

Народная партия Казахстана - НПК

До 2020 года партия называлась коммунистической. Сегодня ее возглавляет Нурсултан Шоканов.

Фракция выступает за усиление социальной защиты, контроль государства над стратегическими отраслями экономики, борьбу с монополиями и защиту интересов наемных работников. Партия открыта для сотрудничества со всеми общественными объединениями, стоящими на позициях демократии и социальной справедливости, гендерного равенства.

ЦИК Казахстана допустил к выборам в Курултай 7 партий

На прошлых выборах НПК набрала 6,8% голосов и получила пять мест в парламенте.

Общенациональная социал-демократическая партия

Сегодня партию возглавляет Асхат Рахимжанов. Когда-то ОСДП была оппозиционной и в 2000-х, 2010-х устраивала марши и митинги.

На прошлых выборах она набрала 5,2% голосов, благодаря чему четыре ее депутата вошли в парламент.

Главный акцент партия делает на политических реформах. В ее программе – независимый парламент, честные выборы, свобода слова, независимые суды, сильное местное самоуправление и социальная справедливость. В сентябре 2026 года партии исполнится 20 лет.

«Байтак» (Бескрайний)

Казахстанская партия зеленых занимается вопросами экологии, защиты окружающей среды и рационального природопользования.

Партия возникла из экологического движения «Байтак-Болашак», созданного в 2015 году Азаматханом Амиртаевым – действующим лидером партии.

В прошлом созыве депутатов в Мажилисе у партии не было, но с новыми выборами и новой системой она намерена побороться за места в Курултае.

Кто не попал в списки

Несколько заметных депутатов прошлого созыва не оказались в партийных списках.

Депутат Едил Жанбыршин, известный острыми заявлениями о состоянии промышленности, в новый состав не баллотируется.

Не вошел в списки и Ринат Заитов. В апреле 2023 года именно он предлагал штрафовать родителей за проступки детей. А позже, уже в новом созыве, обратился к Генпрокурору с инициативой обязать банки возмещать ущерб, нанесенный мошенниками.

Депутат Павел Казанцев, часто поднимавший вопрос нехватки водных ресурсов в Казахстане, тоже не попал в партийные списки. Он не раз предупреждал, что взрывной рост жилищного строительства и числа жителей Астаны угрожает коммунальной катастрофой.

Депутат Бакытжан Базарбек также не вошел ни в один из списков. На заседаниях Мажилиса он часто поднимал вопросы развития транспортной инфраструктуры, состояния дорог и проблемы жилищно-коммунального хозяйства.

Не баллотируется и депутат Народной партии Казахстана Магеррам Магеррамов. Он предлагал расширить список иноагентов и рассекретить их цели. По мнению депутата, действующий реестр получателей иностранной помощи содержит лишь базовую информацию и не позволяет оценить цели, механизмы распределения и результаты использования иностранного финансирования.

ЦИК Казахстана завершил прием партсписков на выборы

Прием документов от политических партий в центральную избирательную комиссию республики завершился вчера, 13 июля в 18:00. Последними списки кандидатов представили партии «Адилет» и «Байтак». Ранее документы подали Общенациональная социал-демократическая партия, «Ауыл», «Ак жол», Respublica и Народная партия Казахстана. Теперь Центризбирком проверит, соответствуют ли кандидаты требованиям законодательства. В частности, будут рассмотрены декларации о доходах и имуществе. Решение о регистрации партийных списков либо об отказе в ней комиссия примет до 23 июля.

Как будут избирать депутатов

Для прохождения в Курултай партиям необходимо преодолеть пятипроцентный барьер. То есть если партия наберет меньше 5% голосов избирателей, ее кандидаты в парламент не попадают.

Курултай получит расширенные полномочия: он будет не только принимать законы, но и участвовать в формировании правительства, заслушивать отчеты кабинета министров, согласовывать ключевые кадровые назначения. Председатель Курултая и постоянные комитеты, количество которых не может превышать восьми, станут основными рабочими органами нового парламента. Предусмотрен и механизм вотума недоверия правительству по инициативе одной пятой депутатов.

Бахытгуль ЖИЛКИБАЕВА

КАПИТАЛЬНЫЙ РЕМОНТ ГОСУДАРСТВА

Токаев объявил о закрытии «двухпалатной» эпохи и запуске курултая.

Выступая на последнем в современной истории страны совместном заседании палат парламента, Касым-Жомарт ТОКАЕВ объявил о масштабной перезагрузке всей политической матрицы – об этом рассказывается в статье издания «Время». 1 июля в силу вступает новая Конституция, которая кардинально меняет архитектуру власти: на смену сенату и мажилису приходит однопалатный курултай, а в стране запускается тотальный «капитальный ремонт» госуправления.

Глава государства не скрывал торжественности момента, назвав происходящее событием исторического масштаба:

- Мы не просто завершаем очередную парламентскую сессию – мы подводим черту под целой эпохой в развитии Независимого Казахстана и открываем принципиально новую главу в летописи отечественной государственности.

Подводя итоги 30-летней работы парламента, президент напомнил, что за эти годы было принято порядка 3,5 тысячи законов. Уходящему 8 созыву достались лавры «одного из сильнейших», принявшего более 300 законов за 3 года, включая Цифровой кодекс, законы об ИИ и возврате незаконных активов.

- Вам пришлось работать в очень сложный период развития нашего государства. Несмотря на все сложности, вы неустанно работали над осуществлением масштабных преобразований. Вы принимали на себя ответственность в самые сложные моменты, были катализатором столь необходимых для нашей страны реформ. Вместе с вами мы запустили необратимый процесс трансформации страны, затронувший абсолютно все сферы жизни от экономической модели до системы общественных ценностей. Безусловно, непосредственное участие в смене эпох – это большая честь и высочайшая ответственность. Можно с уверенностью утверждать, что каждый из вас достойно справился с выпавшими на его долю обязанностями. Вы неустанно трудились во имя построения Справедливого и Сильного Казахстана. Несомненно, ваш неустанный труд, ваши настойчивые усилия будут вписаны в летопись нашей страны, - поблагодарил президент депутатов обеих палат.

По словам Токаева, это не очередная чиновничья перестановка, а «запуск нового исторического времени, начало беспрецедентных по своему значению и последствиям преобразований».

- Планируется провести капитальный ремонт всего «здания» казахской государственности. Наша главная цель – поднять благосостояние, обеспечить безопасность и улучшить качество жизни граждан, сделать данный показатель и саму тенденцию необратимыми.

Мы не имеем права почивать на лаврах. Масштаб и сложность стоящих перед нами задач требуют упорной и результативной работы, — подчеркнул президент, добавив, что наряду с сохранением фундамента Независимости, система управления будет полностью модернизирована.

Властный баланс

Новая формула власти в стране теперь звучит предельно четко: «Сильный Президент – Влиятельный Курултай – Подотчетное Правительство». Токаев акцентировал внимание на том, что Казахстан остается президентской республикой, где глава государства сохраняет ключевые рычаги управления, являясь Верховным Главнокомандующим и определяя внешнюю и внутреннюю политику.

При этом курултай должен избавиться от бюрократических пут и работать в турборежиме, особенно в вопросах цифровизации и внедрения системы e-Parliament с использованием Big Data.

- Это критически важная задача, поскольку она будет определять готовность Казахстана к участию в глобальной конкуренции, - отметил президент.

Вторым мощным элементом станет новый конституционный орган — Қазақстан Халық Кеңесі, который объединит общественные советы и маслихаты, забрав себе и функции Ассамблеи народа Казахстана.

- Халық Кеңесі – это первая в нашей истории диалоговая платформа конституционного уровня, символ уникального многообразия Казахстана, - заявил Токаев.

Этот высший консультативный орган получит право законодательной инициативы.

Экономический прорыв

Несмотря на глобальные экономические шторма и тревожные прогнозы МВФ, экономика Казахстана демонстрирует завидную мускулатуру. ВВП страны впервые в истории преодолел планку в 300 млрд долларов, показав рост в 6,5 % по итогам прошлого года, а инфляцию удалось сбить до 10,4 %.

Страна переживает настоящий индустриальный бум: за 3 года реализовано 540 проектов на 3,7 трлн тенге, доля МСБ в экономике перешагнула за рекордные 40 %, а аграрии, получившие дешевые 5-процентные кредиты, вывели экспорт АПК на десятилетний максимум в 7 млрд долларов. Фармацевтика Казахстана и вовсе стала первой в СНГ по уровню доверия ВОЗ.

Казахстан заходит в новый инвестиционный цикл с фокусом на обрабатывающую промышленность и транспорт. Особые надежды возлагаются на специальный правовой режим города Алатау, который должен превратить регион в мощнейший хаб Евразии.

- Мы должны превратить Казахстан в одну большую строительную площадку, — объявил Токаев, отметив необходимость форсированного возведения дорог, аэропортов (включая срочное строительство нового терминала в Астане) и водоочистных сооружений.

Президент жестко предупредил правительство о недопустимости разбазаривания бюджета:

- Нельзя разбазаривать средства под предлогом создания «социального государства». Такую недальновидную политику наши потомки не поймут и не простят.

Атомное будущее

В энергетике коммунальный сектор ждет тотальная реконструкция вместо привычного «косметического обновления фасадов» — только в этом году на нацпроект выделяют триллион тенге. Газификацию регионов планируют довести до 80 %, а к 2029 г. введут 13 ГВт новых мощностей. При этом уголь остается конкурентным преимуществом: в Кокшетау, Семее и Усть-Каменогорске построят три новые экологичные ТЭЦ. Главным же козырем энергетического суверенитета станет строительство первой АЭС, которое стартует уже в следующем году.

Логистический прорыв обеспечивается развитием Среднего коридора — объем перевозок по Трансканспийскому маршруту вырос в 5 раз. В стране ускоренно достраивают ключевые ж/д магистрали и развивают авиахабы. Новым шагом станет создание национального грузового авиаперевозчика.

Цифровой суверенитет и главное богатство

Казахстан намерен за 3 года стать развитым цифровым государством. По словам Токаева, революционный Цифровой кодекс и закон об ИИ уже вывели страну в лидеры ЦА. Вслед за финтех-экосистемами, которые разогнали рынок электронной коммерции до 3,7 трлн тенге, государство запускает суперкомпьютеры и мегапроект «Долина ЦОДов» для мировых BigTech-гигантов. Логика госуправления меняется в сторону GovTech — «Государство как платформа».

- По сути, именно сейчас создается цифровой суверенитет страны как высокотехнологичного хаба Нового Шелкового пути. При этом важно помнить: самые мощные компьютеры и передовые дата-центры без специалистов – это выброшенные на улицу огромные финансовые средства. Поэтому мы приступаем к подготовке архитекторов и разработчиков будущего уже со школьной скамьи, - отметил глава государства.

Главным же богатством страны президент назвал человеческий капитал, на социальную сферу в этом году выделяется колоссальная сумма — более 19 трлн тенге (свыше половины госбюджета). Справедливость в действии подкрепляется реальными цифрами: благодаря закону о возврате активов в страну вернули более триллиона тенге, на которые уже построили 450 соцобъектов.

- Благодаря специальной конституционной норме мы первыми в регионе трансформировали природные богатства в реальный стартовый капитал граждан. Программа «Нацфонд – детям» доказала свою высокую эффективность: за 3 года 2,3 млрд долларов поступили на счета 6,5 млн наших юных граждан. Логическим продолжением этой системной заботы стали накопительная система «Келешек» и комплексная поддержка одаренных детей – победителей международных олимпиад. Именно так мы понимаем инвестиции в будущее. И какая страна в нашем окружении – то есть на Евразийском континенте – выделяет столь значительные средства на социальные нужды? Ответ, по-видимому, очевиден, - подчеркнул Токаев.

Он также отметил, что в стране ударными темпами строятся инновационные школы, средняя продолжительность жизни достигла 76 лет (лучший показатель в регионе), а зарплаты миллиона учителей и медиков выросли за 3 года на 50-100 %.

Впереди — выборы

В финале своего выступления Глава государства объявил о подготовке Указа о проведении выборов в Курултай. По его словам, политическая конкуренция обострится, особенно на фоне недавнего объединения партии AMANAT с партией «Әділет», которое президент горячо поддержал.

Токаев выразил уверенность, что в состав нового высшего законодательного органа войдут лучшие из лучших, а сами выборы станут образцом честной борьбы:

- Народ Казахстана – это главная движущая сила коренных преобразований, происходящих в обществе. Наши граждане на деле доказывают, что они неравнодушны к будущему страны и способны сделать осознанный выбор в решающий момент. Эти качества присущи исключительно нациям, отличающимся высокой ответственностью, крепким единством, сильным духом и богатой культурой. Участие в выборах означает причастность к делам государственной важности. В этой связи хочу высказать уверенность в том, что наши соотечественники примут самое активное участие в предстоящей электоральной кампании.

Завершая свое выступление, президент выразил слова благодарности руководству и депутатам сената и мажилиса за добросовестный и упорный труд на благо страны.

- Новый этап – это время новых возможностей. Консолидация всех прогрессивных общественно-политических сил вокруг общенациональных ценностей и целей придаст значимый импульс проводимым в стране глубинным реформам. В конечном счете, у всех нас одна цель – создание цивилизованного и передового государства, открывающего путь в светлое будущее для молодого поколения. У нас нет другой Родины, кроме Казахстана. Успешное развитие нашей страны нужно только нам самим. Если мы сможем сплотиться как единая нация, мы покорим любые вершины и достигнем всех намеченных целей. Мы укрепим устои нашей священной Независимости и построим Справедливый, Сильный, Безопасный, Чистый и Передовой Казахстан. Я твердо верю в это! - резюмировал Токаев.

Григорий ГАРАНИН

СЛОЖНО ЛИ ВЫУЧИТЬ КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК,

сколько в нем диалектов и почему не стоит поправлять чужую речь

В казахском языке есть слова, которые меняют пол в зависимости от региона, уникальные пары глаголов для одежды и аксессуаров, а также древние термины, сохранившиеся с XIII–XIV веков. Все эти явления исследуют лингвисты.

Корреспондент издания The Village поговорил с Бибарысом Сейтак — магистром и докторантом гуманитарных наук в евразийских исследованиях Назарбаев Университета, а еще лингвистом, тюркологом и автором научно-популярного проекта «Қазақ Бабыл/Qazaq Bubble». Он рассказал о том, что делает казахский язык уникальным, и развеял распространенные мифы.

О разделении языков на жесткие, мягкие и грубые

Самый распространенный и забавный стереотип — деление языков на жесткие и мягкие. На самом деле таких объективных характеристик не существует, это невозможно измерить. Все основано на культурных и исторических ассоциациях.

Например, французский считается мелодичным во многом потому, что долго был языком дипломатии и элит. Немецкий же воспринимается как грубый из-за ассоциаций с войнами и образом врага в массовой культуре.

Похожие мифы есть и вокруг тюркских языков. Казахский иногда называют жестким из-за звука [ж], в отличие от узбекского с [й]. Но это не имеет научной основы. Такие звуки встречаются во многих языках, и их жесткость — вопрос восприятия. Например, во французском тоже есть [ж], но его считают мягким.

Более того, «жоканье» — древнее тюркское явление, описанное еще в XI веке, и оно совершенно нормально с точки зрения лингвистики. Иногда встречаются и псевдонаучные утверждения об «отсталых» звуках, например, об /ы/. Но такие идеи не имеют отношения к реальной науке: похожие звуки есть во многих европейских языках.

О мифе, что казахский язык сложный

Как не бывает красивых и некрасивых языков, также не бывает сложных и легких. Все это лишь условности. Любой язык имеет свои сложности. Многим английский кажется простым, но легкость или доступность английского — в его вездесущности. В современном мире очень трудно не знать хотя бы пары слов на английском, люди всех возрастов в том или ином виде взаимодействуют с ним.

Часто китайский описывается как особенно сложный язык, но для кого? В нем практически нет морфологии, не нужно учить кучу окончаний, суффиксов, например. В этом плане после казахского или русского изучение китайского должно казаться своего рода терапией. Конечно, письменность у китайского довольно своеобразная, но миллиарды человек справляются с китайским письмом, и они ничем не отличаются от остальной части человечества. Поэтому сложность языка — это скорее вопрос привычки и окружения.

О кию и тағу в казахском языке

На бакалавриате я писал дипломную работу по лексикологии казахского языка и изучал, как в разных языках выражается значение слова «надевать». В казахском, как и в ряде других языков, вроде турецкого, персидского или украинского, используются разные глаголы для одежды и аксессуаров.

Если речь идет об одежде, будь то көйлек, күрте, шапан, тон, пәлте, шалбар, используется глагол кию. А если это аксессуары, как часы, галстук, платок, шарф, браслет или кольцо, используется тағу. Тема этих двух глаголов стала особенно актуальной во время пандемии: на одних плакатах писали маска киіңіз, на других — маска тағыңыз, и люди спорили, что из этого верно. Интересно, что в логике казахского языка оба варианта не являются ошибочными.

Любопытно и другое наблюдение. Казахский и турецкий почти одинаково используют пары кию — тағу и giymek/takmak, но есть одно отличие. Это головной убор. Казахи воспринимают его как часть одежды и говорят бас киім кию, бөрік кию, тақия кию, тогда как турки относятся к нему скорее как к аксессуару и используют глагол tak-. Возможно, это связано с климатом: для кочевников степи головной убор был не просто аксессуаром, а жизненной необходимостью.

О диалектах в казахском языке

Несмотря на огромную территорию, казахский язык остается довольно однородным, что отмечали еще в XIX веке. Объяснение только кочевым образом жизни не работает: у туркмен при схожих условиях сформировались разные диалекты.

Одной из причин может быть казахская традиция экзогамии, тогда как замкнутость внутри групп, наоборот, способствует языковым различиям. Деление на три говора по жузам условно: даже внутри одного рода речь может отличаться. На западе страны это особенно заметно из-за влияния соседних языков и исторических связей.

О тәте и көке в диалектах казахского языка

Какие-либо недопонимания ограничиваются лексикой. Китайские заимствования в речи казахов из Китая или монгольские заимствования в речи казахов из Монголии — очевидные примеры.

Мои самые любимые примеры — это слова, постоянно «меняющие пол» из региона к региону. Например, тәте на севере — это женщина, а на западе это мужчина. Для многих көке — это дядя, но есть и те, кто көке называет женщин.

Подобные сдвиги довольно типичны для тюркских языков. Например, слово әже в древнетюркских памятниках вообще означало «отец» или «старший брат». В XI веке Махмуд Кашгари впервые фиксирует у него женское значение, а в чагатайских текстах XVII века оно уже употребляется в привычном для нас смысле — «мать» или «пожилая женщина».

О самом правильном диалекте

Основой современного литературного казахского языка не считается, а является северо-восточный говор, точнее, говор Сарыарки. Именно этот регион, от Семея до Костаная, оказался особенно плодовитым на представителей казахской интеллигенции на стыке XIX и XX веков, когда разные народы мира окончательно сплачивались в целые нации и закрепляли литературные стандарты своих языков, в том числе казахи.

О важности диалектов в языке

Диалекты — это богатство языка и часть культурного наследия. Лично я не любитель поправлять чужую речь, в языке в целом не бывает правильного и неправильного.

Конечно, можно стремиться к грамотности, соблюдать орфографию и орфоэпию или избегать варваризмов вроде «кароче» или «вапше». Но я никогда не понимал, почему некоторые люди могут так враждебно относиться именно к диалектам казахского. Это ведь буквально тот же самый язык, наш язык, просто с немного другими словами и оттенками. А разнообразие, на мой взгляд, делает его только интереснее.

О глобализации и казахском языке

Про английские заимствования говорить можно долго, но важно помнить, что казахский язык и сам участвовал и участвует в процессах глобализации.

Сегодня казахский язык тоже активно распространяется через культуру: музыку, фильмы, сериалы или блоги. Благодаря этому он хорошо знаком соседним народам: каракалпакам, кыргызам, узбекам, татарам. Когда говорят о том, что нужно «показать миру нашу культуру», под «миром» часто подразумевают Запад. Но наши ближайшие соседи — это тоже огромная аудитория, и игнорировать ее было бы странно.

О самом неожиданном факте

Самый неожиданный факт, который я открыл для себя через проект «Қазақ бабыл» заключается в том, что в Казахстане существует огромный и растущий спрос на научно-популярный контент. Наш проект также показывает, что нет никакой принципиальной разницы между тем, чтобы рассказывать о науке на казахском или на русском языке. Все зависит лишь от того, насколько интересно и креативно подается материал. Наука может быть живой, увлекательной, даже смешной, и казахский язык прекрасно подходит для этого.

Об особенностях казахского языка среди тюркских

В казахском языке заметны фонетические особенности: общетюркские /ч/ и /ш/ здесь часто переходят в /ш/ и /с/. Поэтому слова вроде ағаш, күш, тас в других тюркских языках могут звучать как ағач, күч, таш.

Из-за этого в казахском появилось больше омонимов, чем в ряде других языков: разные по смыслу слова совпадают по звучанию. Этот переход характерен для ногайско-кипчакских языков. Есть и уникальная лексика: например, слово саусақ — палец — встречается только в казахском.

О забытых словах и выражениях в казахском языке

Конечно, язык постоянно меняется: одни слова исчезают, другие появляются. Но, говоря уже не как лингвист, а как носитель, иногда бывает немного обидно за некоторые слова. Например, я слышал, что некоторые молодые люди уже не понимают слов шалқасынан «на спине» и етпетінен «лицом вниз». Вместо них иногда используют кальки из русского вроде арқасына или ішімен.

Однажды мой знакомый не понял слово ық — «подветренная сторона». Я сначала очень удивился, но потом нашел его перевод на английский и понял, что и сам никогда не слышал этого слова в английском. Тогда я подумал: может, это слово хорошо знакомо именно астанчанам, у которых особые отношения с ветром.

О происхождении тюркских языков друг от друга

В лингвистике так вопрос обычно не ставится — какой тюркский язык произошел от какого. Все современные языки — ровесники. Не бывает старых и молодых языков. Иногда люди путают это с самыми ранними письменными упоминаниями того или иного этнонима. Но названия народов и языков в истории часто менялись: они могли исчезать, появляться заново или переходить от одного сообщества к другому. Другое дело — архаичные элементы. Один язык может сохранить какую-то древнюю черту, которую другой уже утратил.

Об установлении родства языков

В тюркологии обсуждается алтайская гипотеза о возможном родстве тюркских и монгольских языков, но убедительных доказательств пока нет. Похожие слова чаще всего оказываются заимствованиями, а не признаком родства.

Лингвисты используют базовую лексику, чтобы проверять родство языков. В тюркских языках такие слова схожи, но с монгольскими системных совпадений нет.

Грамматические сходства, например порядок слов SOV (структура языка, при которой подлежащее идет первым, затем следуют дополнения, а в конце сказуемое — прим.ред), встречаются во многих языках мира и не доказывают родство. Поэтому важно различать родство языков, заимствования и типологическое сходство.

Данияр БЕЙСЕМБАЕВ

ҚҰМАЛАҒЫМ, АҚ СӨЙЛЕ!

Қазақтың этнографиялық құндылықтарының бірі – құмалақ ашу.

Бұл дәстүр көшпенділер тірлігіне исламдық наным-сенім кезеңінен тіпті ертеде, сонау ежелгі заманаларда енсе керек.

Құмалақ, әдетте, табиғат заңдылықтарын түсінуге, ауа райын болжауға немесе ауру-сырқаудың бет-алысын долбарлауға негізделеді. Сайын сахараның сай-саласына қоныстанған жұртшылық жоғалған малын іздесе де, балшының қызметіне жүгінген.

Атам заманнан келе жатқан қазақтың дәстүрлі балгерлік салты,

жалпы, болашақты болжау, яки шаруаның сәттілігін білу үшін пайдаланылады.

Жұлдыздардың ауысуы сырына жетік көшпенділер тылсым сан

магиясының да «сиқырына» ескі дәуірлерден бойлаған сияқты. Мәселен, жауырыншы қырық бір түйір құмалақтың «астарына» үңіліп, әрбір таспен «тілдесіп», сыр тартады.

Ең ғажабы, ісін кәсіби меңгерген құмалақшының сәуегейлігі көбіне-көп шындыққа сәйкесіп, осынау ежелгі дала «философиясы» дүйім халықты қайран қалдырып жатады.

Аталмыш мәдени мұра тағдыр тауқыметімен төрткүл дүниенің түкпір-түкпіріне тарыдай шашырап, жақын, алыс шет елдерде тұратын қазақ арасында да күні бүгінге дейін сақталып келеді. Ендеше бұл да – халқымыздың бірегейлігін көрсететін белгі екен.

Авторымыздың Шығыс Түркістан қазақтары туралы құмалаққа қатысты деректі дүниесі халықтың осынау мәдени мұрасы тақырыбына арналды.

Бұл аймақта құмалақ салмайтын адам болмайтындай көрінетінді. Әсіресе, ауылды жерлерде мекендейтін ағайындарының бәрі «балшы». Қашан көрсең, кемпірі де, шалы да, баласы да, шағасы да қалт еткен сәтте отыра қалып құмалақ ашып жатады.

– Е, биссимиллә! Құмалағым, ақ сөйле! – деп бір жапырақ ақ шүберектің бетіне қырық бір құмалақты шашып жіберген соң оларды жинастырып қайта реттеп, жайылған тастарға тесіле қараған күйі: – Маңдайы ашық. Көңілі қош. Оң бүйірі тоқ. Мал-жаны аман. Мерейі үстем, – деп немесе: – Жүрегі күпті секілді, үй тұйық, – деп күбірлеп, «шайқылық» жасай бастайды.

Ғалым осының дәл шығатынына онша сене қоймайды. Бос сәуегейлік, яки көңіл алдарқату үшін айтылатын жай сөз ғой деп есептейтін. Кім білсін. Онша діндарлығы да жоқ еді.

Бірақ бірде кезекті жорықтан оралып келе жатып, қарындасы Бағиланың үйіне соққанында құмалақшы долбарының тура шыққанына куә болып қайран қалған.

Бұ кезде өзінен кейінгі Бағила да тұрмысқа шыққан-ды. Оның күйеуі Әнтәй Торғаев та офицер. Капитан еді. Алтайдағы Шығыс Түркістан Армиясының атты эскадрон командирі. Ылғи түзде жүреді.

Соның алдында Ғалым өзі де үйленген. Бұл сапар да алыс жолдан сарғая күтіп жүрген жас келіншегі Күлзияға алып-ұшып келе жатқан беті.

Сүйген адамына қосылу дегеніңіз бақыттың ең үлкені емес пе, некесі қиылған сәттен бастап-ақ жас жігіттің өміріне елеулі өзгеріс еніп, өзін соншама арқаланып, қанаттанып кеткендей сезініп жүрді. Күлзия келінінің босаға аттап кіргені анасы Нұрқадишаны да қатты қуантты.

Бәрі де ең алдымен көңілге байланысты деген рас екен, Нұрекең жас келініне ықыласы ауғаны сондай, әбден нұрланып, керемет жасарып алды. Күшіне күш қосылғандай ширай түсіп, гүл-гүл жайнап, құлпырып кетті. Төңіректегі көрші-көлем де жүзінен нұр төгіліп, шәй құйып отыратын жас келінді көруге ынтығып, бұл үйге түрлі сылтаумен кіріп-шығуды жиілетіп еді. Осыны аңдаған Нұрқадиша апай қатты масаттанып, жан-жағына масайрай қарап, жарқырай күліп отырады. Жас келінге сынай қараған кей ағайынға таныстырғанда:

– Біздің Күлзия – Бәтіш сұлудың сіңлісі ғой! – деп нығарлап қоюды ұнатады.

Алыс сапардан аңсап-шаршап жеткенінде жас келіншегі Күлзияның сонадайдан мұны көрген бетте бір сәт селт етіп сәл үрпие қарап, назданып, жарқырай қарсы алған сәті; ес білмесе де қуанғанынан екі езуі екі құлағына жетіп былдырлап, орнынан ұшып кетердей болып әкесіне талпына ұмтылатын кішкене сәбиінің тәтті күлкісі қызмет кезіндегі ауыртпалықтарды бірден ұмыттырып, көңіліне көктем орнатады.

Бұлар үйленген соң Шиқуда көп тұрған жоқ-ты. Дүниеге жаңа келген тұңғыштары Даниалды бауырларына қысып алды да, Үрімжіге көшті. Онда да бір жылдай ғана аялдаған. Көбінесе Құлжада тұрақтап қалды.

Әскери адам болған соң кейде түзде, аттан түспей жел өтінде жүретіні болмаса, тұрмыс-жағдайлары жаман емес еді. Үкімет ылғи жиһазы, ыдыс-аяғына дейін жабдықталған ыңғайлы үй-жайларын даярлап қояды. Кішігірім әскери горнизон секілді қатар-қатар орналасқан баспаналарда төменгі офицерлік құрамнан бастап генералдары бар – бәрі бір-біріне көрші отырады.

Бастапқыда төңіректен қытай көрмеуші еді, кейін олар қаптап көбейді. Баяғы Шің Шісәй салып кеткен лаңның «жемісі» ғой.

Әйтеуір, көршілерінің көпшілігі – өзбек, қырғыз, татар. Әсіресе, татарлар көбірек еді. Біраз уақыт өздерінің Мұсабаев деген татардың қорасында отырғаны есінде. Табыс жеткілікті. Әскери қызметкерлер шеніне, атқаратын еңбек ауқымына қарай айлық алады. Бір қызығы – үкімет сауын сиыр беретін-ді. Одан соң офицерлер де жазда жыл сайын жайлауға шығады. Қызмет орны соятын малға дейін ықтияттап, ішім-жемнен еш тарықтырмайды. Бұларға деген халықтың да құрметі ерекше. Егер жұмыс орайына қарай орын ауыстыратындай жағдай болса, онда да келген жерлерінде әлгіндей жабдықтаулы пәтерлері тағы әзір тұратын-ды.

Күлзия да бос отырған жоқ, совет консулдығына барып екі жылдай іс тігуді үйренді. Онда да Тұрақты Ұлттық армия офицерлерінің өзі секілді келіп тұратын кейбір әйелдері бар. Солармен жақсы араласып жүреді. Жалпы алғанда, дүркін-дүркін соғыс өрті тұтанып, аздаған үрей туғызып тұратыны болмаса, ахуал аса мүшкіл емес-ті. Тек кішкентай Даниалдың келешегі де алаңдатып қоятыны бар. Сондайда, әрине, атмекенге қарай емінесің, Отанға қарай елеңдейсің. Елегзисің.

***

Әсілі, Нөкіш шаңырағының береке-бірлігі Күлзия келгелі бұрынғыдан да нығайып, үй шырайының ене түскені рас еді. Ақсақалдың Кәрім, Кәкен деген балалары, Хамит сынды немересі, басқасы бар, бәрі де мәре-сәре болып, ылғи Күлзияның маңайына үйіріліп, шәй ішсе де, тек соның қолынан ішуге құмартып тұрады.

Енесі бүкіл әулеттің көзқуанышына айналған жас келініне туған қызындай қарады. Қазақтың абысын-ажынының іштарлығы мен күншілдігінің мұндайда асқынып кететіні қандай, сындарлы ене осының бәріне тосқауыл қойып, сүйікті келінінің бетіне жел тигізбеді. Тегі, қасынан шығармауға айналған. Үй тұрмысына баулып, татардың, ұйғырдың ұлттық тағамдарын жасауды үйретіп, он саусағынан бал тамған аспаз да қылып шығарды. Қытайдың жібек матасынан жасалған терезе пердесі мен кереует жапқышы сияқты тұрмыстық бұйымдарға көздің жауын алатын түрлі-түсті кесте салуды да ерінбей үйретті.

Күлзияның өзі де жастайынан іс тігуге бейім еді. Келгеннен-ақ ине-жібін ала салып, үйдегі көрпе-жастық, киім-кешекке дейін түгел бүтіндеп, бәрін айнадай қылып жуып, тазалап, жұтындырып қойған. Мұндай келінге елдің қызығатынындай-ақ бар ғой. Жұрт: «босағасына мынандай құтты адамды бұйыртқан Нұрқадишаларда не арман бар. Елдің бәрі, шіркін, Нөкіштің балаларындай болсашы!» деп тамсанады.

Өкініштісі – осының алдында ғана Нөкіш аға мәңгілік сапарына аттанған еді. Алдынан жарылқағыр жарықтық маңайына жақсылық дарытып, өмір бойы туысқан іздеген, береке-бірлік іздеген аса мейірбан адам-тын. Әменге құда түсіп, келісімін алғаннан кейін жер-көкке сыймай қатты шаттанды.

Әйткенмен, амал не, бұрыннан аздап ауырыңқырап та жүреді екен, көп ұзамай көз жұмды. Бақұлдасқан сәтте «бар тілегім кенже ұлымды аяқтандыру еді, ол мақсатыма жеттім; енді кіндік кескен жерден топырақ бұйырмады демесем, басқа арманым жоқ» деп ризалықпен аттанды.

Бір қарағанда, бұл аймақтағы өмір соншама тыныш, мамыражай көрініп қалғанымен, ішкері тұстарда дүркін-дүркін қозғалыстар бой көрсетіп, сұрапыл майдандар жүріп жататын. Кезінде еркіндікке дағдыланған елдерді тұс-тұстан қыспақтап ұстау да қиын ғой. Және қысым күшейген сайын кері серпіліс күшінің де ширыға түсетіні заңдылық та болар, ашулы халық қит етсе дүрліге көтеріліп, атойлап шыға келеді.

Қытайдың гомеңдаң өкіметі әскерінде де маза жоқ. Кейде жергілікті ауылдарды айырпланмен шүйіліп келіп бомбалап, жер-көкті күңірентіп зеңбірекпен де атқылап кеткен кездері кездесті. Осылайша төңіректе атыс-шабыс, ереуіл көбейіп, елдің көргені – күрсілдеген соғыс, тілге кісен салған аңду, қамау, жер аудару, ату сияқты сойқан болып кетеді.

Алайда бәріне ет үйренеді екен. Өмір салты сондай еді.

Кейде айнала құлаққа ұрған танадай тып-тыныш бола қалады. Бетегелі белестерін жел тербеген жалпақ қырлар бір сәт түк көрмегендей моп-момақан күйге түсіп, маңқиып жатады.

Қасындағы екі-үш әскер серігімен бірге шаршап келе жатқан жолаушы Ғалым бүйірде отырған Бағиланың үйіне соғып, амандық-саулық біліп, бір-бір тостаған сусын іше кетуге ниеттенген-ді. Аттарын байлап, кіріп келсе қарындасы мұның енесі Бибі апайға құмалақ аштырып жатыр екен. Көптен бері қызметтік сапармен Алтай жақта жүрген күйеуі Әнтәйдан бір дерек білгісі келген секілді.

Үйдегілермен емен-жарқын амандасып, біраз аяқ суытып, шөлін басып, жан шақырып алған офицерлер енді бір сәт бұлар кіргенде кілт үзіліп қалған әңгіменің жалғасын қоса тыңдап, құмалақтың не дейтінін білуге қызығушылық танытқан. Бұл ауылға әлдебір шаруаларымен келіп қалған Бибі тәте ақ матаның бетіне құмалақты шашып жіберіп, Бағила құдашасының «жоғын тауып беруге» қайтадан құлшына кірісті:

– Құйысқаны берік. Жүрек сүйінішті. Сапардан олжалы қайтыпты. Иә, келе жатыр! Иә, иә! Бәле, міне, оң аяғы табалдырықтан аттады. Түсіп қалды... Түсті үйге! Әй, кәне, қарап келіңдерші біреуің! – деп өзімен бірге еріп жүрген жас ұлдарын жұмсады.

Ғалымның кішкентай балдыздары (бұл елде қайын ініні де балдыз дей береді) Мақсұтқан мен Рафиқан қосарласып жүгіріп шығып қараса, бір салт атты кісі келе жатқан көрінеді. Әнтай екен. Жетектеген бір қоңыр құнаны бар дейді.

Шынында да, осындай сәйкестіктен кейін қалай таңырқамассың?! Ғалым сол жолы қатты ойланып қалды.

Құлан САҒАТҰЛЫ,
Алматы



НҰРЫН ШАШҚАН СӘУЛЕ ЕДІ...

Сәуле Райымбекқызы Әбсейітова 1947 жылы 17 казанда Оңтүстік Қазақстан (қазіргі Түркістан) облысы Мақтаарал ауданының Мақтаарал ауылында, зиялылар отбасында дүниеге келген. Әкесі Әбсейітов Райымбек соғыс ардагері (2-ші топтағы мүгедек), «Қызыл жұлдыз» орденінің иегері, Волгоград қаласының құрметті азаматы. Анасы Алтын Жансейітова – Сайрам ауданының Құрметті азаматы. Олар 1949-50 жылдары Алматыдағы Жоғары партия мектебінде оқып, білімін жетілдірген. Екеуі де сол кездегі советтік ұстаным бойынша партия қызметкерлері ретінде зейнет жасына жеткенше елге адал қызмет етіп, бес бала тәрбиелеп, бәрін жоғары оқу орнында оқытты.

Сәуле әпкеміздің өзі бір қыз және бір ұл тәрбиелеп, олардың өмір жолын айқындап берді. Ұлын ұяға, қызын қияға қондырды. Артында «әжелеп» екі немере, екі жиені қалды. Қызы Камила Ахмадиева 1970 жылы туған. Дәрігер, медицина ғылымдарының кандидаты. Бүгінде Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік медициналық академиясы дәлелді медицина бөлімінің басшысы қызметін атқарады. Ұлы Ерлан Ахмадиев 1975 жылы туған. Ол да дәрігер, медицина ғылымдарының кандидаты. Алматыдағы №1 қалалық аурухана бас дәрігерінің орынбасары болған. Қазір Астана қаласындағы «Медкор» филиалының директоры.

Сәуле Райымбекқызы 1971 жылы Алматы мемлекеттік медициналық институтының емдеу ісі бөлімін бітіріп, еңбек жолын №6 Шымкент қалалық ауруханаының емханасында учаскелік терапевт ретінде бастаған. Ал 1980 жылдан Жедел медициналық көмек ауруханасының инфаркт бөлімінде меңгеруші қызметін атқарған. 1987 жылы медицина ғылымдарының ғылыми дәрежесіне ізденуші диссертант болып, ұстазы, Социалистік Еңбек Ері, Медицина ғылымына еңбегі сіңген дәрігер Тұрмахан Орынбаевтың жетекшілігімен медицина ғылымдарының кандидаты дәрежесіне арналған дисертациясын сәтті қорғайды.

1988-1996 жылдар аралығында Оңтүстік Қазақстан облыстық Денсаулық сақтау басқармасы бастығының емдеу және алдын алу жөніндегі орынбасары болды. 1996-2000 жылдар аралығында Облыстық эндокринологиялық диспансердің бас дәрігері қызметін атқарды. 2000 жылы жергілікті басқару органдарының қолдауымен әрі көп жылдық тәжірибесіне сүйене отырып, өз ұсынысы бойынша Облыстық кардиологиялық орталықтың ашылуына бірден бір себепші болады. 2001 жылы елімізде ең алғаш болып

миокард некрозының маркері тропонинді анықтайды. 2003 жылдан бастап инфаркт миокардынан кейін науқастарда инвазивті емес тестілеу жүргізілсе, 2005 жылы церебральды және коронарлық артериялардың ангиографиясын өткізуге кіріседі. 2006 жылы дүние жүзі бойынша 8-ші мемлекет болып жүректің ишемиялық ауруы бар науқастарға екпіндітолқындық терапиямен ем жүргізуді қолға алады. Облыстық кардиологиялық орталық 2007 жылдан жедел коронарлық синдром бойынша Еуропалық регистрге қатыса бастайды.

«2007-2009 жылдары Қазақстан Республикасында халыққа кардиологиялық және кардиохирургиялық көмекті дамыту бағдарламасының» арқасында кардиология жаңаша даму жолына түседі. 2008 жылы жедел миокард инфаркты бар барлық науқастардың коронарлық артериясына стент орнатыла бастайды. Ал 2009 жылы жүрекке ашық ота жасау қолға алынған.

Сәуле Райымбекқызы 2010 жылы Алматыда кардиология саласы бойынша докторлық диссертациясын да үздік қорғап шығып, медицина ғылымдарының докторы атанды. Ол кісінің 250-ден аса ғылыми еңбегі жарық көрді.

2010 жылдан бастап Астана қаласындағы «Ұлттық Ғылыми Медициналық Орталық» АҚ-да халыққа кардиологиялық және кардиохирургиялық көмек көрсету бөлімінің басшысы, кейін аға ғылыми қызметкер және сарапшы болды. Сонымен қатар кардиология бойынша резиденттерді дайындауға жетекшілік еткен.

2012 жылы ҚР Денсаулық сақтау министрлігінде кардиология бойынша штаттан тыс бас маман болып тағайындалды. Сөйтіп, еліміздің барлық өңірлерінде жедел коронарлық синдромы бар наукастарға көмек көрсетуді ұйымдастыруға тікелей мұрындық болды. Жедел миокард инфаркты мен жедел коронарлық синдромдағы диагностика және емдеу стратегияларына 2000-нан аса шәкірт оқытып, маман дайындады.

Сәуле Райымбекқызы Жедел көмек бойынша кардиологтар қоғамының төрайымы қызметін атқарып, Қазақстан кардиологтары қауымдыстығы президиумының мүшесі, Жедел кардиоваскулярлық көмек бойынша Еуропалық қауымдастығының және Еуропалық кардиологтар қоғамының мүшесі, сондай-ақ «Қазақстан клиникалық медицинасы» журналы мен «Қазақстан денсаулығы» газетінің редакциялық алқа мүшесі болды.

Енді бір ұсынысым бар. Белгілі кардиолог, профессор, медицина ғылымдарының докторы, Қазақстанның еңбек сіңірген дәрігері Сәуле Райымбекқызы Әбсейітованың отандық медицинаның кардиология саласы, оның ішінде жүрек ауруы мәселесін тұңғыш болып көтерген және бұл істі ең алғаш жүзеге асырған еңбегін бағалап, Шымкент қаласындағы Кардиологиялық «Жүрек» орталығына есімін берсе дұрыс болар еді.

Ол 2000 жылдары не есігі, не тесігі жоқ, сусыз, газсыз қаңырап ғимаратқа жан бітірген. Бүкіл ұжымымен екі білекті сыбанып, әктеп, сырлап, бары-жоғын жиыстырып, керемет заманауи медициналық орталыққа айналдырды. Бүгінде ол Шымкент қаласының көркінді ғимараттарының біріне айналып, ел игілігіне табысты қызмет жасап тұр!

Осылайша, Сәуле әпкеміз өз атына лайық халыққа нұр сәулесін шаша білді. Ғұмырының ақырына дейін өзінің сүйікті ісі – медицина саласына берік болды.

Рафия Бәкірқызы ДЕРБІСӘЛИЕВА
мемлекет және қоғам қайраткері,
ҚР дипломатиялық қызметінің
еңбек сіңірген қызметкері,
еңбек ардагері

ЖҮРЕКТЕРГЕ СӘУЛЕ ШАШҚАН СӘУЛЕ ӘПКЕМІЗ ЕДІ...

Өмірден осы жазда қазақтың қайсар қызы, денсаулық саласының қайраткері, медицина ғылымы докторы, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген дәрігері, әрбір дерт шалған жанның жүрегіне сәулесін шашқан алтын қолды шипагер Сәуле Райымбекқызы әпкеміз өтті. Енді міне, қырық күндік асы да келіп қапты.

Сәуле әпкемізді содан бір айдай бұрын белгілі қайраткер ағамыз Ислам Әбіштің 70 жасқа толған тойында көріп едік, сап-сау жүрген секілді еді?!.

Алла алдынан жарылқасын!

Алды пейіш, арты кеніш болғай!

Райымбектей елге тұлға болған ер көкеміздің ерге лайық қызы, ардақты әпкеміз еді... Талай жүректің соғуын ұзартқан үздік кардиологтың өз жүрегінің соғуы да тоқтаған екен, арты қайырлы болсын!

Ажал ешкімге айтып келмейді, сондықтан әр жақта жүрген ағайын жаназада түгел бола алмауы мүмкін. Қарбаласта жүріп, біз де қоштасуда бола алмадық. Елдің түгел басы қосылар кез - қырық күндік асына құранның ішінде болайық деп үміттеніп отырмыз.

Сәуле әпкеміздің өмір жолына қарасақ, 1988-1996 жылдар аралығында Оңтүстік Қазақстан облыстық Денсаулық сақтау басқармасы бастығының емдеу және алдын алу жөніндегі орынбасары болды. 1996-2000 жылдар аралығында облыстық эндокринологиялық диспансердің бас дәрігері қызметін атқарды.

Сәуле Райымбекқызы 2010 жылы Алматыда кардиология саласы бойынша докторлық диссертациясын да үздік қорғап шығып, медицина ғылымдарының докторы атанды. Ол кісінің 250-ден аса ғылыми еңбегі жарық көрді.

2010 жылдан бастап Астана қаласындағы «Ұлттық Ғылыми Медициналық Орталық» АҚ-да халыққа кардиологиялық және кардиохирургиялық көмек көрсету бөлімінің басшысы, кейін аға ғылыми қызметкер және сарапшы болды. Сонымен қатар кардиология бойынша резиденттерді дайындауға жетекшілік еткен.

2000 жылы облыстық кардиологиялық орталықтың ашылуына бастамашы болып, қазығын қаққан да, шаңырағын көтеріп, еліміздегі алдыңғы қатарлы кардио орталыққа айналдырған да біздің Сәуле Райымбекқызы еді.

Әлемде жүрек-қан тамырлары ауруы ең көп таралған, адам өлімінен бірінші орында екен.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша, жыл сайын инфаркт пен инсульттен 17,1 млн адам қайтыс болады екен. Ал Қазақстанда 100 мың адамның 306-сының өліміне жүрек қан тамыры аурулары себепкер екен.

Қазақстанда тәжірибеге ене бастағанына көп бола қоймаған, 2005 жылдан бастап жасала бастаған мұндай өте күрделі жүрек операцияларын жасауды қазіргі заманға сай жолға қоюдың басында елімізге есімі кең танымал кардиолог Сәуле Райымбекқызы тұр.

ҚР дипломатиялық қызметінің еңбек сіңірген қызметкері Рафия Бәкірқызы Дербісәлінің белгілі кардиолог, профессор, медицина ғылымдарының докторы, Қазақстанның еңбек сіңірген дәрігері Сәуле Райымбекқызы Әбсейітованың отандық медицинаның кардиология саласы, оның ішінде жүрек ауруы мәселесін облыста тұңғыш болып көтерген және бұл істі ең алғаш жүзеге асырған еңбегін бағалап, Шымкент қаласындағы Кардиологиялық «Жүрек» орталығына есімін беру туралы ұсынысына біз де қосыламыз, барлығы да қолдайтынына сенеміз.

Сәуле әпкеміздің артында қалған ұрпақтарына, отбасына, туған-туыстарына ұзақ ғұмыр бергей.

Жатқан жері жәннат болсын!

Иманы саламат болсын!

Қаншама жүректердің соғуына себепкер болған Сәуле Райымбекқызының жарқын бейнесі жүректерде мәңгі сақтала береді.

Қазыбек ИСА, ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ҚР Парламенті Мәжілісі VII, VIII шақырылымдары депутаты, «Ақ жол» партиясы төрағасының орынбасары.

СӘУЛЕ ШАШҚАН ЖАН ЕДІҢ

Сәуле Райымбекқызы Әбсейітованың рухына арнау

Сәуле десе, сәуле шашқан жан едің,
Жасағансың жүректердің сан емін.
Сұсты еді сәлемің мен әлемің,
Жігерсіздеу жігіттердің әні едің.

Өткір едің, өжет едің, өр едің,
Өксікпенен өріледі өлеңім.
Сөзі басқа, ісі басқа қоғамда.
Орындадың сөз бен істің дәлелін.

Жапырақтай жүректерді жылытқан,
Сырқаттарға ататын-ды күліп таң.
Біліміңмен ап шыққанда тұйықтан,
Құты қашып тұратын-ды құныққан.

Жандар болды қанатыңды қырыққан,
Ал сол кезде жүрегінді кім ұққан?
Жаның сенің жәннат болсын, жан әпке,
Мекеніңде мәңгілікке тыныққан.

Пердеш ЕСЕНБЕК,
журналист–ақын,
Шымкент

ХАЛҚЫ ҮШІН ЖАСАҒАН ЕҢБЕГІН ЕЛ ҰМЫТПАЙДЫ

Иә, жалған дүние, Сәуле Райымбекқызы әпкемізді де, қанша жанның өміріне араша түсіп, бар білімі мен қаблетін аямай, қызмет көрсетіп жүрсе де, өзінің жүрегіне шара табылмады! Әпкеміз Ерекше жаратылған жан еді, ол ешуақытта науқастың жағдайына немқұрайлы қарай алмады. Сол ерекшелігінің арқасында, осы қазіргі Шымкенттегі Кардиология Орталығын құрды. Бұдан 25 жылдай уақыт бұрын Кардиология Орталығын құру үшін, қаншалықты Еңбек пен Төзімділік, Ұйымдастырушылық және қанша қаржылық қиыншылықтарды жеңе біліп, жоқ жерден Кардиология Орталығын тұрғызды.

Мен Сәуле Райымбекқызымен 2003 жылы, 30 маусымнан бастап, өте тығыз байланыста араластым. Ол кісінің бойындағы қасиетін, тек адамның жан дүниесіне, оның өміріне, қала берді тағдырына қалай әсер ету керектігін, өзінің білімін, қабілетін және еңбегін аямайтындығын өз көзіммен көрдім! Науқастың жағдайына Әпкеміз, ешуақытта немқұрайды қарай алмайтындығын, Бүкіл Қазақ Елі біледі деп ойлаймын. Ол кісінің науқасты емдеу тәртібінің өзі басқаша және ерекше болатын. Сәуле Райымбекқызы жұмыста медицина қызметкерлеріне өте жоғары талап қою арқылы жемісті нәтижеге қол жеткізіп отыратын. Бір таң қаларлық жағдай, Сәуле әпкеміз темірдей тәртіппен, қатаң түрде жұмыс талап етіп отырса да, барлық қызметкерлері ол кісіні Жанындай жақсы көруші еді. Олар «Сырт көзге қатал көрінгенімен, ішкі жан-дүниесі толған Мейірім» дейтін!

Халқыңыз үшін жасаған Еңбегіңіз Елдің Есінде болады деп ойлаймын! Жаратқан алдыңыздан жарылқасын, Жаныңыз Пейштің Төрінде Шалқысын!

Әділхан Әуелханұлы ЕСҚАРА,
эколог, зейнеткер

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫН АЛҒА ЖЫЛЖЫТҚАН ҚАЙРАТКЕР

Сәуле Райымбекқызы жақсы маман болу үшін, мектепті алтын медальмен, институтты қызыл дипломмен бітірді. Дәрігерлік қызметін Шымкент қалалық №6 ауруханада бастаған ол тәжірибесі мол бас дәрігер Тұрмахан Орынбаевтан көп нәрсе үйренді. «Ұстаздан шәкірт озар» дегендей, кардиология саласында үлкен жетістіктерге жетті. Ғылым докторы атанды. Экономикамыздың қиын кезеңдерінде Шымкентте кардиологиялық орталық ашты. Тәулік бойы тынымсыз жұмыс істейтін адам жүрегі өте нәзік орган. Талайларды өлімнен құтқарып қалған нәзік жан Сәуле Райымбекқызының өз жүрегі де тоқтады.

Еңбегі еш кеткен жоқ, ізін басып келе жатқан шәкірттері бар. Көптеген мемлекеттік марапаттары бар. Республикада Президенттен бастап, қатардағы жай халыққа дейін аты таныс білікті маман. Қызметінде өзіне де, өзгеге де қатаң талап қоя білді. Соның арқасында медицина алға жылжыды. Сәуле Райымбекқызы – осы істі тиянақты атқарған қайраткер.

Ол аққан жұлдыздай болып өтті. Жатқан жері жарық, топырағы торқа, иманы өзіне серік болып, жаны жаннатта болуын Алла нәсіп етсін.

Бауырларының атынан Қамбарбек ӘЖІБЕКҰЛЫ

ҚАЗАҚ ЖІГІТТЕРІ ӘЛЕМНІҢ ҮЗДІК ВОЛЕЙБОЛШЫЛАРЫ АТАНДЫ!

Қазақ волейболшыларының қуанышы Аргентиналық футболшылардан кем емес!

Бүгін, Қазақстан спортшылары волейбол тарихында тұңғыш рет дүниежүзінің 78 елі арасынан Әлем чемпионатының қола жүлдесін жеңіп алғанын жазып, елден сүйінші сұраған едік.

Одан кейін тағы да «Қазақ жігіттері Әлемнің үздік волейболшылары атанды!» - деп жар салдық!

Қазақстан параволейбол құрамасы мүшелері, Пердебай Намұрат «Әлемнің үздік шабуылшысы», ал Шыңғыс Медеу «Әлемнің үздік қорғаушысы» атанды!

Әлем чемпионаты өткен Қытай елінен Қазақстан параволейбол құрамасы бас бапкері Бауыржан Тахау жіберіп жатқан бейнелерді қарасаңыздар, шексіз қуанышқа ие болған спортшылар жеңісіне куә боласыздар!

Әлем чемпионатының қола медалын алған Қазақ волейболшыларының бұл қуаныштары кешегі футболдан әлем чемпионатында финалға шыққан Аргентина мен Испания құрамаларының қуаныштарынан күшті, ерекше эмоцияларынан еш кем емес!

Сенбесеңіздер, көріңіздер! Төменде 3 видео салдым.

Өйткені, аяқтары жоқ спортшылардың алақайлап аспанға секіргенінен артық қандай қуаныш болуы мүмкін әлемде!?.

Мысалы, «Әлемнің үздік шабуылшысы» атанған Пердебай Намұратты бас бапкері Бауыржан Түркістан облысы Жетісай ауданынан 2012 жылы алып келген. Ол 15 жасында мотоцикльден құлап аяғын тізеден жоғары кесіп тастаған, ампутация жасаған. Ауылда қауынқарбыз егіп жүрген бала спорттағы керемет ерік-жігер мен жеңіске деген құлшыныстың арқасында бүгін «Әлемнің үздік шабуылшысы» атанды! Аллаға шүкір, бүгінде Атырауда тұрады, үйленген, 4 баланың әкесі. «Ақ жол» партиясының мүшесі.

Параволейболдан Бразилия құрамасын жеңіп, Әлем чемпионатындағы қола медаль алып, Тарихи жеңіске ие болғандар тағы да қайталап айтамын, мүмкіндіктері шектеулі емес - шектеусіз екенін көрсеткен батырлар!

Өйткені, Қазақстанның параспорты ғана емес, кәсіби спортында да волейболы да, футболы да, баскетболы, гандболы да, кілең осындай ойын түрлерінен мұндай жетістікке әлі ешқайсысы жеткен жоқ! Футболшыларымыз жүлде алмақ түгілі, әлем чемпионатына қатыса да алмай келеді әлі.

Ал ендеше, Аргентиналықтардан да қатты қуанған Қазақ спортшыларының жеңісін көріп, қуанышқа ортақ болыңыздар!

Қазыбек ИСА

«ҚАЗАҚ ҮНІ» ГАЗЕТІ МЕН САЙТЫНДА САЙЛАУАЛДЫ ҮГІТ МАТЕРИАЛДАРЫН ОРНАЛАСТЫРУ ҚҰНЫ

2026 жылдың 23 тамызына тағайындалған Қазақстан Республикасының Құрылтай сайлауына орай «Қазақ үні» республикалық газеті мен Qazaquni.kz ақпараттық агенттігіне сайлауалды үгіт материалдарын орналастыру бойынша өз қызмет құнын ұсынады.

«УТВЕРЖДАЮ»
Президент ТОО «Қазақ үні»
Жарылгасын К.

ПРАЙС-ЛИСТ
НА РАЗМЕЩЕНИЕ АГИТМАТЕРИАЛОВ НА
ЕЖЕНЕДЕЛЬНОЙ РЕСПУБЛИКАНСКОЙ ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКОЙ
ГАЗЕТЫ «ҚАЗАҚ ҮНІ»
НА 2026 г.

Наименование услуги	Ед.изм.	Цена в тенге за кв. см.	скидка	Цена в тенге за кв. см. с учетом скидки
Размещение рекламы				
Размещение готовой статьи на 1 полосе	кв.см	1400	20%	1120
Размещение готовой статьи на внутренней полосе	Кв.см	900	20%	720
Размещение готовой статьи на последней полосе	кв.см	1100	20%	880
Размещение готовой модульной рекламы на первой полосе	кв.см	1400	20%	1120
Размещение готовой модульной рекламы на внутренней полосе	кв.см	900	20%	720
Размещение готовой модульной рекламы на последней полосе	Кв.см	1100	20%	880
Услуги перевода				
Перевод с русского на государственный язык	Лист А4	2 000		

РЕКЛАМНО-ИНФОРМАЦИОННЫХ МАТЕРИАЛОВ
НА САЙТЕ www.qazaquni.kz

Наименование услуги	Единица измерения	Цена в тенге «Қазақ үні»
Услуги размещения на веб-сайте		
Размещение статичного баннера на сайте (728 x 90 пиксель), основной экран	1 месяц	600 000
Размещение статичного баннера на сайте (240 x 400 пиксель) справа, на всех страницах	1 месяц	200 000
Размещение статичного баннера на сайте (728 x 90 пиксель)	1 месяц	80 000
Размещение статичного баннера на сайте (468 x 60 пиксель) средний по центру	1 месяц	70 000
Размещение статичного баннера на сайте (88 x 31 пиксель) справа, на всех страницах	1 месяц	40 000
Размещение готовой рекламно-информационной статьи		50 000

Технические требования
Размеры баннеров указаны в пикселях.
Форматы баннеров: gif, jpg, swf (flash) до 55кб.
Для flash баннеров обязательно наличие заглушки в формате gif или jpg.

Мы оставляем за собой право отказывать в размещении рекламных материалов без объяснения причин. На сайте не размещаются рекламные материалы, противоречащие нормам морали и законодательству РК.

050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3, С.Сейітов көшесі 11, тел.: 8 (727) 398 5731, qazaquni@mail.ru ТОО «Қазақ үні».

ҚАЗАҚТЫҚ МҚҚЫ МЕН ШЫНДЫҚТЫҚ ЖЫРЫ – «ҚАЗАҚ ҚНІ» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҚЫЗДАР!

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380

«Қазпошта» арқылы жазылу бағасы:

1 жылға	қала үшін	ауыл/аудан үшін
	5750,88 теңге	5974,32 теңге

Мекемелер ТІКЕЛЕЙ ЖАЗЫЛУҒА болады

Газетке 1 жылға тікелей жазылым – 5 000 теңге.
100 данаға 1 жылға тікелей жазылым – 500 000 теңге.
1000 данаға 1 жылға тікелей жазылым – 5 000 000 теңге.

Меншік иесі:
«Қазақ үні» ЖШС

ҚАЗАҚ ҮНІ

Президент –
Қаныш ЖАРЫЛҚАСЫН

Бас редактор –
Оразәлі Баймұрат
Бас редактордың орынбасары –
Құлтөлеу Мұқаш

Qazaquni.kz ақпарат агенттігінің
Бас редакторы –
Азамат ТАСҚАРАҰЛЫ

Жауапты хатшы -
Гүлмира САДЫҚ

Бөлім редакторлары:
Дастан ЕЛДЕС (орыс редакциясы)
Нұржан АСАН (көркемдеуші)
Аймақтағы тілшілер:
Астана тілшілер қосыны:
Азамат ТАСҚАРАҰЛЫ
(8-702-931-89-86)
Ақмола облысы:
Бақыт СМАҒҰЛ (8-701-626-77-66)

Тарату бөлімі:
Астанада:
Жасұлан ИСА
(8-776-120-19-72)
Шымкентте:
Мүтән ИСМАЙЫЛ
(8-701-692-1340)
Астанада "Алты Алаш"
дүңгіршіктерінде сатылады
(8-701-572-88-47)

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат
министрлігінде 19. 12. 2012 жылы тіркелген.
Куәлік №13976-Г (Алғашқы куәлік
№1270-Г, 01. 08. 2000 жыл).

Автордың пікірі мен редакция көзқарасы сәйкес келе бермейтінін ескертеміз. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды.
Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.
Газеттен көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы шарт.
Газетте "Қазақпараттың" материалдары пайдаланылды.

Газет " Қазақ үні" компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ – 11 100

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380

Редакцияның мекен-жайы:
050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3 ықшамауданы, С. Сейітов көшесі, 11 үй
Байланыс телефоны:
8 (727) 398-57-31
E-mail: qazaquni.gazeta@gmail.com
www. qazaquni. kz

Кезекші редактор
Гүлмира Садық

ТОО "Қазақ үні"
БИН 000540006784
ИИК KZ508560000000385541
АГФ АО "БанкЦентрКредит"
г. Алматы, БИК KCJBKZKX, Кбе 17
Газет "Алматы-Болашақ" баспаханасында басылды. Алматы қ. , С. Мұқанов к. , 223 в.
Көлемі: 6 баспа табақ

Ⓐ – материалдың жариялану ақысы төленген